

САРАПТАМА



АЙБАРЫ АСҚАҚ АТА ЗАҢ

мемлекеттілігіміздің қастерлі құндылығы

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №78 (6640) 29 тамыз, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

МЕРЕКЕ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ



Ата Заңымыз – қастерлі Тәуелсіздігіміздің сенімді тірегі. Конституция мемлекетіміздің заң жүзінде және саяси тұрғыдан демократия қағидаттары мен заң үстемдігін ұстанатынын айғақтайды. Сондай-ақ, ұзақ мерзімді даму бағдарымызды айқындайды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

30 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІМЕН!

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

Биыл – Қазақстан Республикасының Конституциясына – 30 жыл. Бұл – халқымыздың тарихи тағдырын айқындаған, тәуелсіз елдің құқықтық негізін бекіткен аса маңызды оқиға. Үш онжылдық ішінде Ата Заң мемлекетіміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуында басты бағдаршам рөлін атқарып, еліміздің демократиялық, құқықтық, зайырлы және біртұтас мемлекет ретінде даму жолындағы бастау бұлаққа айналды.

(Газетіміздің бүгінгі санынан Негізгі Заңның 30 жылдық мерекесіне орай «ақшамдықтар» арнайы дайындаған танымдық-тарихи топтама материалдармен таныс болыңыздар.)

ФУТБОЛ

Тарихи триумф:
«ҚАЙРАТ» – ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНДА

Алматының Орталық стадионында УЕФА Чемпиондар лигасының плей-офф кезеңі аясында «Қайрат» пен «Селтик» арасында қарымта ойын өтті. Тек алматылықтар ғана емес, бүкіл Қазақстан тағатсыздана күткен ойын «қайраттықтардың» тарихи жеңісімен аяқталды.

Чемпиондар Лигасының жолдамасы сарапқа салынатын іріктеу плей-оффның бірінші кездесуінде «Қайрат» Шотландияның Глазго қаласына барып, 0:0 есебімен тең оралды. Бұл нәтиже қазақстандық командаларды бұған дейін жарыс жолынан бірнеше рет шығарған «Селтикті» жеңуге болатынын көрсетті. Ел жанкүйерлерінің жүрегіне сенім орнатты. Сондықтан 23 мыңға жуық жанкүйерді сыйдыратын Алматының басты стадионы ойын күні лық толды. Барлық билет бірнеше сағатта сатылып кетті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

Иордания королі II Абдалланың Қазақстанға сапары:

АСТАНА мен АММАН –

стратегиялық серіктестіктің жаңа форматы

Қазақстанның халықаралық саясаттағы ықпалы мен белсенділігі әрқашан өзіндік ұстанымымен ерекшеленіп келеді. Елімізге мемлекеттік сапармен келген Иордания королі II Абдалланың сапары Қазақстанның Таяу Шығыс аймағындағы ықпалы мен байланысын жаңа деңгейге көтерді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

Иордания мен Қазақстан арасындағы дәстүрлі экономикалық қарым-қатынастардан бөлек, цифрландыру, сандық технологиялар және бірлескен экономикалық жобалар сияқты бірнеше стратегиялық бастамалардың негізі қаланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Иордания королі II Абдалламен шағын құрамдағы екіжақты келіссөздер өткізіп, бизнес-форумға қатысты. Сапар аясында II Абдалла Қасым-Жомарт Тоқаевты Иордан Хашимит Корольдігінің «Әл-Нахда» жоғары орденімен марапаттады. Мақалада Иордан Хашимит Королі II Абдалланың Қазақстанға мемлекеттік сапарының негізгі жетістіктері мен ерекшеліктерін талдап көрелік.

Келесі жылдан бастап Royal Jordanian әуе компаниясы Амман мен Алматы арасында тікелей әуе рейсін ашатынын мәлім етті. Алғаш рет Құрық порты Акаба портының стратегиялық әлеуетін бірлесе пайдалану бойынша мәлімдеме жасалды. «Қазатомөнеркәсіп» және JUMCO арасында бірлесіп уран өндіру бойынша құжаттарға қол қойылды. Агроөндіріс, егін шаруашылығы саласында Иордания мен Қазақстан арасында бірлескен жобалар жүзеге асады.

Иордания королі II Абдалланың елімізге жасаған сапары Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ақпан айында Амман-



ға жасаған мемлекеттік сапарының жалғасы іспетті. Себебі, аталмыш сапарлар аясында талқыланған мүмкіндіктер мен жобалардың мазмұны үндес, стратегиялық сипатқа ие. Екі ел басшыларының қатысуымен Астанада өткен бизнес-форумда 15-тен астам келісімге қол қойылып, жалпы саны 200-ге жуық компания өкілдері қатысты. Келісімдер фармацевтикадан бастап логистика мен туризм, білім беру, ғылыми зерттеу саласына дейінгі түрлі салаларды қамтыды.

Маңызды келісімдердің бірі – Қазатомөнеркәсіп пен Иорданияның JUMCO компаниясы арасындағы уранды бірлесіп өндіру жөніндегі келісім. 2026 жылдың соңына қарай құрылатын жаңа кәсіпорында Қазақстан 70%, Иордания 30% үлеске ие болады. Бастама екі елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, стратегиялық сенімін күшейте түседі деп пайымдаймыз. Қазіргідей геосаяси процестердің өзгер-

мелі кезеңінде екі елдің энергетика саласындағы интеграциясы ерекше мәнге ие болып отыр.

Мемлекеттік сапар аясында Король II Абдалла мен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана Халықаралық Қаржы Орталығында (AIFC) болып, Астана мен Амман арасындағы экономикалық әріптестіктің жаңа қырларын талқылады.

КӨПСАЛАЛЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан мен Иордания қарым-қатынасының соңғы алты айдағы динамикасы екіжақты байланыстардың сапалық тұрғыда жаңа деңгейге көтерілгенін айқын көрсетіп отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Амманға жасаған сапарында басталған уағдаластықтар бұл жолы нақты жобалармен толыққаны осының айғағы.

Астанада жалғасын тапқан кездесудегі саяси диалогтың басты ерекшелігі – тараптардың ресми деңгейден шығып, өза-

ра жылы ықылас білдіруінде деп санаймыз. Мемлекет басшыларының өзара бір-бірін «бауырым» деп атауы, ел арасындағы сенім капиталының нығайғанының дәлелі. Экономикалық тұрғыда алғанда қазір екі ел үшін басты мақсат – сауда көлемін 500 миллион долларға жеткізу болып отыр. Қазақстан Иорданияға 250 миллион доллар көлеміндегі 60 өнім түрін экспорттауға дайын екенін мәлімдеді. Бұл, біріншіден, еліміздегі аграрлық және өңдеуші сектордың экспорттық әлеуетін көрсетсе, екіншіден, Иордания нарығының Қазақстан үшін жаңа экспорттық арна екенінің дәлелі.

Медицина мен фармацевтика саласында әріптестікті нығайту еліміз үшін өте маңызды. Себебі, Иордания бүгінде 85 елге фармацевтикалық өнімдерін экспорттауда. Кездесу нәтижесінде Қазақстан мен Иордания арасында, фармацевтик, IT және цифрландыру, мәдени-гуманитарлық бағыттарда байланысын арттырып, Astana Hub пен King Hussein Business Park дәстүрлі дипломатиялық шеңберден шығып, көпсалалы стратегиялық әріптестікке айналғанын айқындап отыр.

II Абдалланың елімізге мемлекеттік сапары Қазақстан мен Иордания арасындағы стратегиялық әріптестіктің тереңдеуі мен кең мазмұнға ие болуының алғашқы қадамы болды. Екі ел кәсіпкерлерімен өткен бизнес-форумда 15-тен астам құжаттарға қол қойылып, бірнеше маңызды салалар аясында мемлекетаралық байланыстың дамуына тың серпін жасалды.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



БАСПАНА

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІН БАСҚАРУ:

Заңға қандай өзгерістер енгізілді?

2025 жылы 15 шілдеде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды. Онда Жер, Кәсіпкерлік, Азаматтық процестік, Әлеуметтік және Су кодекстеріне, сондай-ақ 23 заңға түзетулер енгізілді. Мақалада түзетулердің бірінші блогы, яғни тұрғын-үй кешенін басқару формасына қатысты өзгерістерге талдау жасалмақ.

ТҮЗЕТУЛЕР НЕ ҮШІН
ҚАЖЕТ БОЛДЫ...

«Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР заңы 1997 жылы 16 сәуірде қабылданған. Міне, содан бері 28 жыл өтті. «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі сайтындағы ресми мәліметке сүйенсек, аталмыш заңға осы күнге дейін 111 өзгеріс пен түзетулер енгізілген. Соңғы реформа биыл 15 шілдеде Президент қол қойып, қабылданды. 2025 жылы Заңға өзгеріс енгізуге не түрткі болды? Уәкілетті органның мәлі-

метінше, оған мынадай кемшіліктер әсер етті:

- Басқару нысандарының тұрғындарға қызмет көрсету барысында ашықтықтың болмауы;
 - Басқару нысандарының тұрғындарға қаржы бойынша уақытылы есеп бермеуі;
 - Бір басқару нысанынан басқасына өту барысында рәсімдердің сақталмауы.
- Сондықтан Заңға енгізілген өзгерістер арқылы мынадай міндеттерге қол жеткізу көзделуде:
- Барлық басқару нысандарының тұрғындарға есеп беру мерзімдерін сақтауын қамтамасыз ету;
 - Қаржылай есеп жүргізу мен қаржылық-шаруашылық қызметті ұйымдастырудағы мәселелерді шешу;
 - Уәкілетті органдар мен жергілікті атқарушы органдар тарапынан бақылауды күшейту;
 - Тұрғын үйді басқару үдерісін цифрландыру.

Шыны керек, 2020 жылдардағы Тұрғын үйді басқаруды реформалау тұрғындар тарапынан жиі сынға түсті. Иә, пәтер иелерінің кооперативі басқару нысаны ретінде заман талабына сай болмады. Пәтер иелері тұрғын үй кешенін басқару үдерісіне толық әрі ашық араласа алмайтын. Сондай-ақ, жемқорлық тәуекелдері де болды. Алайда, бұл басқару нысанынан мүлдем бас тартып, орнына өзге нысандарды енгізу және уәкілетті органдар

мен жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігін азайту салаға кері әсер етті.

Тұрғындар өзі өмір сүретін кешенді басқару еркіндігін толық жүзеге асыра алмады. Сондықтан жылдар бойы қордаланған мәселелер шешімін таппады. Ал министрлік пен әкімдіктер тұрғын үй кешенінің ішкі ісіне араласпады. Себебі, барлық жауапкершілік тұрғындардың өзінде еді.

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР: ЕКІ БЛОК

Заңға өзгеріс енгізу туралы бастаманы 2023 жылы 31 шілдеде Мәжіліс депутаттары А.Рау, Е.Смышляева, Ю.Кучинская, Б.Орынбасаров көтерді. 2025 жылы 23 маусымда ҚР Парламенті Сенаты бұл өзгерістерді мақұлдады.

15 шілдеде қол қойылған өзгерістер мен толықтырулар екі блоктан тұрады. Түзетулердің бірінші блогы көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған. Онда көппәтерлі тұрғын үйлерді басқарудың жай серіктестік (ЖС) нысанын жойып, басқарудың екі түрін ғана сақтады: МИБ (меншік иелері бірлестігі) және ТББ (тікелей бірлесіп басқару).

Түзетулердің екінші блогында салық заңнамасына енгізілген өзгерістер қамтылды.

Жай серіктестікті жоюдан бөлек тұрғын үй қатынастарындағы мемлекеттік бақылау қызметі күшейтілді. Енді Тұрғын үй инспекциясының өкілеттіктері артты:

- Әр үй бойынша ағымдағы және жинақ шоттарының уақытылы ашылуын бақылау;
- Инженерлік желілер мен жабдықтарды жылыту маусымына дайындау бойынша іс-шаралардың жүргізілуін бақылау;
- Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған лифтілер мен көтергіштердің, өртке қарсы жүйелердің дұрыс жұмыс істеуін бақылау;
- Басқару нысандары мен субъектілері тізімін жүргізу және интернет ресурста мәліметтерді толтыру;
- Мүлік иелері бірлестігінің төрағасы, үй кеңесі және тексеру комиссиясының өкілеттік мерзімін сақтау;
- Тұрғын үй иелерінің жиналысы соңында қабылданатын хаттамалардың заңдылығын тексеру және т.б.

Қорытындылай келе, бұл өзгерістер тұрғын үй кешенін басқаруды жеңілдетуге әсер ететінін атап өткен жөн. Мемлекеттік бақылау мен азаматтардың ерік-жігері үйлесім тапқан кезде ғана тұрғын үй қатынастары өркениеті қалыптаспақ.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

АЙБАРЫ АСҚАҚ АТА ЗАҢ

мемлекеттілігіміздің мәртебелі тұғыры, қастерлі құндылық

Егемен мемлекет жұртының Ата Заңнан қадірлі құндылығы бола қоймас. Ата Заңның 30 жылдық мерейтойы – айтулы күн! Сонау 1995 жылы жалпы-халықтық референдумда қабылданған Ата Заңымызға қатысты 2022 жылы 5 маусымда жалпыхалықтық референдум өтіп, сайлаушылардың 77 пайызы қолдаған өзгерістердің енгізілуі мемлекеттің саяси жүйесіне терең реформалар жүргізуге жол ашты. Бүгін құлаққа сіңісті болып үлгерген «Әділетті Қазақстан» идеясының да қалыптасу кезеңі осы күннен басталады. Құқықтық мемлекет құруға білек түре кіріскен Президент Қаңтар оқиғасынан кейін-ақ саяси модернизация жасамайынша, тұрақты даму болмайтынын айтты. Саяси жаңғырудың басы – суперпрезиденттік басқару моделінен бас тарту, Парламент пен атқарушы биліктің есептілігін, жауапкершілігін арттыру болды. Тәуелсіз мемлекет өзінің қалыптасу тарихында бірнеше кезеңді бастан кешетіні белгілі. Бүгінгі күн – Қазақстан үшін тарихи кезең, себебі мемлекет терең саяси жаңғыруды бастан кешіп, ауқымды саяси-экономикалық, әлеуметтік реформаларды жүзеге асырып жатыр.

Мемлекет құру және оны бәсекеге қабілетті ету, жаһан жүзінде өз позициясын бекіту, ұлан-ғайыр жерге иелік ету, жер қойнауын ақылмен пайдалану, ұзақмерзімді стратегиялық жоспар әзірлеу һәм оны орындау, осылайша халықтың әл-ауқатын көтеріп, сапалы қоғам құру – оңай шаруалар қатарынан емес. Реформалардың жер жүзіндегі бейбітшілік пен өзара ынтымақтастық мәселесі шиеленіскен тұста өтіп жатқанын ескерсек, оның салмақ-маңызы еселеп арта түсетіні хақ. Ата Заң күні қарсаңында елдегі саяси вектордың бағытына бойлап, жаңа өзгерістердің әрбір азаматқа, тұтас қоғамға әсер ететін тұстарына тоқталайық.



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қабылданған уақыттан бастап бірнеше өзгерісті бастан кешсе де, алғаш рет жалпыхалықтық референдум арқылы күшейтілген Ата Заңның жаңалықтары көп-ақ. Өзгерістер күшіне енгелі үш жыл өтті. Сол мезгіл межесінен қарасақ, айналымға қосылған, күшіне енген жаңа тәртіп елдің саяси мәдениетін, қоғамдық бастамаларды, сайлау жүйесін айтарлықтай жаңартып, азаматтардың қолдауына ие болды.

Ең үлкен жаңалықтың бірі – Конституциялық соттың қалпына келтірілуі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында айрықша демократиялық принциптерге негізделіп, парламенттік басқару жүйесіне лайықталған Бас құжатта Конституциялық сот құрылымы болған. Алайда, 1995 жылы оның орнына Конституциялық кеңес келді. Азаматтардың тікелей шағымын қарайтын жоғары сот жүйесінің араға отыз жылға жуық уақыт салып қайта құрылуы – мемлекеттік саяси ұстанымының оң бағытын айқындайтын фактор. Азаматтардың құқықтарын сақтауды мақсат тұтатын бұл жоғары органның жұмысы 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталған.

2023-2024 жылдары Конституциялық сот 9 мыңға жуық өтініштерді қарады. Бұл – ел азаматтарының Конституциялық сот төрелігіне сенімі және жылдар бойы жи-

налған мұқтаждығының көрінісі. Бұдан бөлек, Конституциялық сот бірқатар заңнамалық құжаттардағы конституциялық нормаларды бұзатын бөлімдерге қатысты ресми ұстанымдарын да жариялады. Азаматтардың, құқық саласы өкілдері мен белсенділердің Конституциялық сотқа әділетті шешімдердің жоғары инстанциясы ретінде баға беруі Мемлекет басшысы бастамашы болған реформалардың жемісі деуге толық негіз бар.

Адам құқықтары мәселесі де алдыңғы қатарлы елдер мен ізгі қоғамдарда әлдеқашан заңдастырылып, халықаралық құқықтық құжаттарда негізделген. Адам тұған бойда ие болатын құқықтарды сақтау, қорғау – мемлекеттің міндеті, Ата Заңмен берілетін кепілдік.

Жаңа конституциялық реформалар ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің де аясын кеңейткенін атап өту керек. Президенттің ұсынуымен ҚР Парламенті Сенаты 5 жылға сайлайтын уәкіл тәуелсіз, ешқандай мемлекеттік орган мен лауазымды адамдарға есеп бермейді, қызмет кезеңінде барлық кепілдіктер қарастырылған және ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуге міндеттелген. Адам және азамат құқығын қорғау мен елдің осы бағыттағы заңнамасын жетілдіруге қатысатын уәкіл бастамасымен де бірқатар мәселелер талқыланып жатыр.

Бұл – ізгі қоғамға лайық, құқықтық бостандық пен саяси әділеттілік қағидаларының жұмыс істейтінін айшықтайтын жүйе.

ӘКІМ САЙЛАУ – ЖАҢА БАСТАМА

Президенттің бастамасымен елдегі сайлау жүйесіне де бірқатар өзгерістер енді және дәл осы өзгерістер азаматтардың қолдауына, сарапшылардың оң бағасына ие болды. ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарын мажоритарлық жүйеде сайлау тетігі іске қосылды: 2023 жылы кезектен тыс сайлауда Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізіммен өтсе, 30 пайызы бірмандатты округтен тікелей сайланды. Бұл – ел азаматтарының өз өкілдерін тікелей сайлауына және маңызды мәселелерге тікелей ықпал етуіне бастайтын жүйелі жаңартулардың басы. Бүгінгі күн межесінен қарасақ, Мәжіліс қатарындағы бірмандатты округтен сайланған халық қалаулыларының белсенділігі өте жоғары.

Әрине, біз Қазақстандағы парламентаризм моделі әлі же жаңартыла түсу керек екенін түсінеміз. Алайда, геосаяси жағдайды, қоғамның саяси мәдениеті деңгейін ескерсек, өзгерістердің сатылы жүруі құптарлық іс екенін байқаймыз. Бұның сыртында Президенттің Сенат депутаттарын тағайындау квотасы да азайды. Жалпы, заң шығарушы биліктің қадағалау өкілеті артып, елдегі билік өкілеттілігін тармақтарға бөлу ұстанымы қалыптасқанын түсіну қиын емес. Бұл қатарға Президенттің құзіретіндегі функциялардың мемлекеттік органдарға берілуін, орталық мемлекеттік органдардың бірқатар функциялары жергілікті атқарушы органдарға жүктелуін қосуға болады.

Реформалардағы тағы бір үлкен жетістік – ауыл, кент, аудандық маңызы бар қала, биылдан бастап облыстық маңызы бар қалалар мен аудан әкімдерін халықтың тікелей сайлауы. Әлбетте, бұл бастама Ата Заңға өзгеріс енбей тұрып басталған. Бірақ 2021 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 2,5 мың ауыл әкімінің сайлануы, олардың 60 пайызының мемлекеттік қызметте болмағаны, халықтың сайлауға белсенді араласуы ел азаматтарының сайлау және сайлану құқықтарының жетілдірілгенін айғақтайды. Аудандық мәслихаттардың толық мажоритарлық жүйеде қалыптасуы, облыстық мәслихаттың аралас жүйеде өтуі де саяси мәдениеттің жетілдірілгенінің, сайлау мен сайлану құқықтарының жүзеге аса бастауының көрінісі деп білеміз.

Реформаларды сынау – оңай. Ал жүзеге асыру – аса күрделі, жүйелі еңбекті талап ететін жұмыс. Аумалы-төкпелі кезеңде радикалды шешімдер ел басына қауіп төндіріп, біртұтас қоғамдық құрылымға сына қағуы ықтимал. Әйтпесе, жетілдірілген жеріміз аз емес. Мысалы, жергілікті мәслихаттардың өкілеттілік шеңберін арттыру, қадағалау функциясының орында-

луын жетілдіру, тағайындалған әкім мен сайланған әкімнің өзара әрекеттесу жүйесін қайта қарау сияқты жүйелі жұмыстар кезек күтіп тұр.

САЯСИ МӘДЕНИЕТ ПЕН ДИАЛОГ

Жалпыхалықтық референдум, Ұлттық құрылтай институтының қалыптасуы, іргелі заңдардың қабылдануы – бүгінгідей түбегейлі өзгерістердің сатылы жүзеге асуын айшықтайтын жұмыстар. Жүзеге асырылып жатқан реформалар қоғамдық дамуды, билік пен халық арасындағы диалогты, азаматтардың саяси мәдениетін, саяси қатысын деңгейін айтарлықтай арттырды. Жаһандық деңгейде қалыптасқан құндылықтардың өзгеріске ұшырап, жаңа тәртіп орнап жатқан уақытта тұрақты даму курсың ұстап қалу – абыройлы еңбек деп санаймыз.

Үкіметтің есептілігі, Жоғары аудиторлық палатаның өкілет аясының кеңеюі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесінің модернизациялануы, халықаралық аренадағы беделдің тұрақты өсуі, азаматтардың әл-ауқатының артуы, ұлттық экономиканың тұрақты өсімі, тікелей инвестициялардың артуы, мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерінің жүйеленуі және тиімділігінің артуы – реформалардың жемісі.

«Ұлттық қор – балаларға» сияқты іргелі әрі ұзақмерзімді перспективаларды көздейтін жобалар, отбасылық зорлық-зомбылықты шектеп, балалардың құқығын қорғайтын заңдар қабылдануы, қоғамда заң мен тәртіп қағидасының қалыптасып, орныға бастауы мемлекеттік басқарудың жаңа формасы құндылық ретінде қалыптасып үлгергенін көрсетеді.

Егемендік жылдарындағы реформалардан тыс қалған сот жүйесінің реттілігі қалыптасып, ашықтық пен әділеттілік салтанат құрған қоғамда сапалы азаматтың да қалыптасатыны белгілі. Билік те, жер де, оның қойнауындағы байлық та – халық игілігі. Өзінің билік кезеңін шектеп, бабалардан мирас болған байлықты халық бақылауы мен игілігіне берген Президенттің ізгі қоғам құру жолындағы ерен еңбегі – ертеңгі буын мен бүгінгі жұрттың қамы.

Ұран мен бос мақтан – өткен күннің белгісі. Нақты әрекет, заң мен тәртіп, білім, культі, құқықтық мемлекет принципі, ашықтық пен әділеттің негізгі қағидаға айналуы – бүгінгі қоғам келбеті. Ел азаматтарының мүддесін көздейтін Ата Заңымыз, кемеліне келген Конституция – күллі қазақтың бүгінгі мен келешегінің кепілі!



Әділет
МӘДЕНИЕТ,
сарапшы.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ



«ALTYN CITY»: өзекті мәселелер талқыланды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында Түркісіб ауданындағы «Altyn City» тұрғындарымен жүздесті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кездесуде тұрғындар инженерлік инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді көтерді. Негізгі түйткілдер – жарықпен қамту, қазандықтардың жұмысы және инженерлік желілердің жағдайы.

Құрылыс компаниясы салған электр желілері әлі қала балансына өтпеген. Сондай-ақ, тұрғын үй кешенін «Түз-дыбастау» қосалқы стансасына қосатын резервтік кабель тартылмаған.

Аумағында екі қазандық бар, бірақ екеуі де құрылыс компаниясының қарамағында. Оның біреуі 15 үйге есептелгенімен, қазір апатты жағдайда. Дархан Сатыбалды компанияға оны жылыту маусымына дейін жөндеуді және бүкіл кешенді қамтитын жаңа қазандық салуды тапсырды.

Осындай мәселе ауызсу, кәріз және газ желілерінде де бар. Олар да қала балансына өткізілмеген. Әкім бұл түйткілдерді қыркүйек айының соңына дейін шешуді Құрылыс басқармасына және аудан әкімдігіне жүктеді.

Жиында білім беру нысандарына қатысты жоспар да айтылды. Жыл соңына дейін мұнда 1500 орынды мектеп пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, құрылыс компаниясы балабақша салуды қолға алмақ.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алматыда жаңа стадион салынады. Президенттің спорттық инфрақұрылымды және бұқаралық спортты дамыту жөніндегі тапсырмалары аясында Алматыда халықаралық деңгейдегі жаңа футбол стадионын салу жоспарланып отыр. Қала әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында жаңа нысан жобасымен танысты.

Дана
САДЫРҚАН

Жобалаушылардың мәліметінше, стадион 35 мың көрерменге есептеліп, УЕФА-ның 4-санат талаптарына сай болады. Жобада жаттығу базалары, жанкүйерлерге арналған демалыс аймақтары, заманауи қауіпсіздік жүйесі және іргелес аумақты абаттандыру қарастырылған.

Шаһар басшысы жобаны іске асыру қалалық инфрақұрылымды дамытуда маңызды қадам екенін атап өтті. Халқы 2 миллионнан асатын еліміздің ең ірі мегаполисі өсіп келеді, тұрғындардың, әсіресе, жастар мен студенттердің спорт пен салауатты өмір салтына қызығушылығы күннен-күнге артып отыр. Осы орайда халықаралық деңгейдегі заманауи аренаны салудың маңызы ерекше екені анық.

«Өздеріңіз білесіздер, Президенттің тапсырмасы бойынша жұмысты жеделдетуіміз қажет. Келер



жылы құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау керек. Болашақта бұл жерде метро бекетін және Алматының логистикалық хабын салу жоспарланған», – деді қала әкімі Дархан Сатыбалды.

Жаңа стадион Құлжа тас жолы мен Талғар тас жолының арасында бой көтермек. Жоба жүзеге асатын аумақтың көлемі шамамен, 15 гектар. Бұл жер қаланың маңызды көлік-логистикалық торабына айналып, аренаны қалалық инфрақұрылымға тиімді кіріктіруге мүмкіндік береді. Мұндай шешім алматылықтар мен қала қонақтарына ыңғайлы әрі ірі

спорт нысандарын көлік хабтарының маңына орналастыру әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді.

Жобаны таныстыру кезінде қала әкімі көлік қолжетімділігін қамтамасыз ету, автотұрақ орындарын ұйымдастыру және нысанды қалалық ортаға қосу мәселелерін пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ, Дархан Сатыбалды 65 жылдан астам бұрын салынған Орталық стадион сақталып, жеңіл атлетика инфрақұрылымы ескеріле отырып жаңғыртылатынын, әрі қарай да Алматыдағы спорт тарихының жаңа парағы болып қала бетінін айтты.

«ТАМАРИКС» ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ: тұрғындармен кездесу

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды Түркісіб ауданындағы «Тамарикс» тұрғын үй кешенінің тұрғындарымен жүздесті.

Тұрғындар қазандықтың жұмысы, аумақты жарықтандыру және басқарушы компанияның қызметіне қатысты мәселе-

лерді көтерді. Бұл тақырыптар бұған дейін де азаматтарды жеке қабылдау кезінде қозғалған болатын.

Жылумен қамтамасыз ету мәселесі биылғы қыркүйек айының соңына дейін шешіледі. Қаланың Құрылыс басқармасының мердігер ұйымы «АТКЭ» ЖШС және құрылыс компаниясымен бірлесе отырып, қолданыстағы қазандықты қосымша жабдықтау жұмыстарын бастады.

Тұрғын үй кешені аумағын жарықтан-

дыру бойынша да оң шешім қабылданды. Сондай-ақ, тұрғындар балаларға арнап футбол алаңын салуды ұсынды. Қала әкімі бұл жобаны іске асыру мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

Кездесу барысында басқарушы компанияның жұмысына байланысты шағымдар да түсті. Барлық өтініш заң аясында тіркеліп, қаралады. 15 қыркүйектен бастап «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, тұрғын-



дарда басқарушы компаниялардың қызметін бақылауға қосымша мүмкіндіктер пайда болады.

ИНДУСТРИЯ

ЖАҢА ЖОБАЛАР қала тұрғындарының жайлы өміріне бағытталған

ҚР Индустрия және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажкенов Алматыға жұмыс сапары аясында мегаполистегі ірі абаттандыру жобаларының жүзеге асырылу барысымен танысып, олардың қаланың дамуына қосар үлесін атап өтті.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Вице-министрдің сапары «Тереңқұр» саябағынан басталды. 2023 жылы көлемі 3,4 гектарды құрайтын тоған, айлақ және оған іргелес аумақ коммуналдық меншікке қайтарылған болатын. Қайта құру жұмыстары 2024 жылдың ақпан айында баста-

лып, бүгінде саябақ айтарлықтай жаңарды. Мұнда балалар алаңдары, шағын сәулет нысандары, амфитеатр, сахна, жарық шамдары, жаяу жүргінші жолдары мен көпірлер орнатылды. Сонымен қатар, тоған толықтай реконструкциядан өтті. Жобаның басты назарында жасыл желек болды. Автоматты суару жүйесі, дренаж орнатылып, көгал төселді. Ағаштар мен бұталар егіліп, тұрғындар үшін экологиялық таза, демалуға ыңғайлы орта жасалды.

– Келесі нысан Достық даңғылы – Алматының басты артерияларының бірі. Ол қаланың даму кезеңдерін бейнелеп қана қоймай, бүгінгі заманауи келбетін айқындайды. Бұл – оңтүстік пен солтүстікті байланыстыратын негізгі көлік магистралі әрі қаланың маңызды инфрақұрылымдық бөлігі, – деді жобаның авторы Роман Шнайдерман.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының басшысы Батырхан Сүлейменовтің айтуынша, жоба тұрғындарға ыңғайлы әрі қауіпсіз жаяу жүргінші аймағын қалыптастыруға бағытталған. «Жоба аумағы 4,17 гектарды құрайды. Оның ішінде 22 мың шаршы метр

жабын ауданы. Жасыл аймақ 17 800 шаршы метрден асады. Сонымен қатар, сәулеттік безендіру жүргізіліп, тұрғындар үшін тартымды орындар жасақталады. Достық даңғылы бойында жол қозғалысын тоқтатпай, тек жаяу жүргінші бөлігін абаттандырып жатырмыз. Көліктер кедергісіз қозғалады. Ең бастысы – тұрғындар үшін ыңғайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау», – деді ол.

Сапар барысында қоғамдық кеңістікті дамыту, заманауи ландшафтық шешімдерді енгізу және тұрғындар үшін жайлы қалалық орта қалыптастыру мәселелері кеңінен талқыланды. Алматыда қолға алынған абаттандыру жобалары қала келбетін жақсартып қана қоймай, тұрғындар үшін қолайлы әрі тартымды орта қалыптастыруды мақсат етеді. Бұл жұмыстар – Қазақстан қалаларының жаңа даму үлгісін көрсетуге бағытталған бастамалардың бірі.



«МЕКТЕПKE ЖОЛ»



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МЕЙІРІМДІЛІК ПЕН ҚОЛДАУ
мәдениеті қалыптасып келеді

Қазақстанда жыл сайын өткізілетін әлеуметтік бағыттағы «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы жалғасып жатыр. Қазақстан халқы Ассамблеясы «Жомарт жан» жобасы аясында оқушыларға 1000-нан астам сөмке таратты.

Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Басты мақсат – аз қамтылған, көпбалалы, әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларды жаңа оқу жылына дайындап, мектеп құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету, барлық балаға тең мүмкіндік жасау арқылы қоғамда мейірімділік пен қолдау мәдениетін қалыптастыру.

– Қазақ «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дейді. Білімді, елін сүйген, заңға бағынатын, адал жас ұрпақты тәрбиелеу – біздің алдымыздағы негізгі міндеттердің бірі, оларға құр сөзбен емес, іс-әрекетімізбен өзіміз үлгі болуымыз керек, – деді Қазақстан ұйғырлары республикалық этномәдени орталығының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі Долкунтай Алиев.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

ДЕМАЛЫС МАУСЫМЫ
балалардың зияткерлік дамуына оң ықпал етті

Алматы қаласында балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылып, басты басымдық – көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына, ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБҚ) балаларға, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға берілді.

Ернұр
ЕРЛАНҰЛЫ

Жазғы маусымға арналған бағдарлама балалардың толыққанды тынығуына ғана емес, олардың денсаулығын нығайтуға

және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталды. Осы мақсатта сауықтыру, мәдени-сауықтыру және білім беру іс-шаралары енгізілді. Мұндай жобалар – әрбір бала тең құқықтарға ие болатын, өз мүмкіндігін ашып, арманын жүзеге асыруға жағдай жасалатын әділетті әрі инклюзивті қоғам қалыптастырудың маңызды бөлігі болып отыр.

Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен осы жазғы кезеңде қала сыртындағы лагерьлерде СУСН және ЕБҚ санатындағы 2838 бала демалып қайтты. Олардың қатарында Алмалы ауданынан 240 бала болды. Жалпы алғанда, биылғы жазғы демалыс маусымы балалардың шат-шадыман көңіл-күйін көтеріп қана қоймай, олардың денсаулығы мен зияткерлік дамуына оң ықпал етті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аманжол ДАШУ, Алмалы аудандық тәрбиелік жұмыстар жөніндегі әдіскер:

ЖАС ҰРПАҚҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

Ауданнан барлығы 240 бала жазғы демалыспен қамтылды. Оның ішінде СУСН санатындағы 42 бала мемлекеттік бюджет есебінен «Тау Жанашар» лагеріне жолдама алды. Балалар екі маусымға бөлініп демалды. Бұл лагердің ерекшелігі – тек демалыс емес, балалардың денсаулығын жақсартуға, ой-өрісін кеңейтуге бағытталғаны. Онда түрлі танымдық сапарлар, интеллектуалдық ойындар, шығармашылық сайыстар ұйымдастырылды. Нәтижесінде балалар тек жақсы демалып қана қоймай, жан-жақты дамуға мүмкіндік алды. Мұндай игі шаралар жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Әр мектептен балалар іріктеліп, мемлекет есебінен жолдама беріледі. Бұл – мемлекетіміздің жас ұрпақтың болашағына деген үлкен қамқорлығының көрінісі.

БРИФИНГ

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ:
сараланған мөлшерлемелер

Корпоративтік табыс салығы (КТС) – Қазақстан бюджетінің негізгі кіріс көзінің бірі болып қала береді. Жаңа Салық кодексі аясында бұл салықты есептеу мен төлеу тәртібіне маңызды өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, экономиканың жекелеген салаларының ерекшелігін ескере отырып, сараланған мөлшерлемелер қарастырылған.

Ернұр
РЫСБАЙ

Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте Алматыдағы Мемлекеттік кірістер департаментінің Камералдық бақылау басқармасы камералдық мониторинг бөлімінің басшысы Данияр Талғат осылай деп мәлімдеді. Корпоративтік табыс салығының базалық мөлшерлемесі салық салынатын табыстың 20%-ы деңгейінде қалды. Алайда, кейбір қызмет түріне басқа мөлшерлеме белгіленген. Мысалы, банк қызметі (бизнеске несие беруді қоспағанда) мен құмар ойыны бизнесінің мөлшерлемесі 25% деңгейінде болмақ. Әлеуметтік сала, соның ішінде білім беру мен медицина саласы үшін 2026 жылы – 5%, 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10% төмендетілген мөлшерлеме қарастырылған.

Аграрлық секторға ерекше назар аударылған. Ауыл шаруашылығын қолдау мен дамыту мақсатында ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер

үшін КТС мөлшерлемесі 3% деңгейіне дейін төмендетіліп, ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұл көрсеткіш 6% болып белгіленді. Бұл қадам елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын осы саланың өсіп-өнуін ынталандыруға бағытталып отыр.

Сонымен қатар, корпоративтік табыс салығы бөлімінің құрылымы өзгертілді, бұл әрбір нақты қызмет түрі мен шегерімдер бойынша тиісті нормаларды қолдануға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғалары, сондай-ақ тұрақты мекеме арқылы немесе ел ішіндегі көздерден табыс алатын бейрезиденттер салық төлейтіндер қатарында қалады. Бұрынғыша мемлекеттік мекемелер КТС төлеушілер қатарына кірмейді, мемлекеттік орта білім беру ұйымдары бұл санаттан алынып тасталды.

«Жаңа салық салу жүйесі жекелеген салалардың ерекшелігін ескереді. Әлеуметтік маңызы бар және ауыл шаруашылығы өндірісі салалары үшін төмендетілген мөлшерлемелер, ал жоғары табысты қызмет түрлері үшін жоғары мөлшерлемелер енгізіліп отыр», – деп атап өтті Данияр Талғат.

Қызметкерлерінің басым бөлігін мүгедектігі бар адамдар құрайтын ұйымдар корпоративтік табыс салығы (КТС) бойынша жеңілдіктерге ие болады. «Егер мүгедектігі бар қызметкерлер саны 10 адамнан асса, ұйым корпоративтік табыс салығын төлеуден толық босатылады», – деп мәлімдеді спикер.

Ұйымды мүгедектігі бар адамдардың ұйымы деп тану үшін қажетті шарт:

- мүгедектігі бар қызметкерлердің орташа жылдық саны жалпы қызметкерлер санының кемінде 51%-ын құрауы керек;
- оларға төленетін еңбекақы шығынының жалпы еңбек шығынының кемінде 51%-ын құрауы тиіс;
- табыстың кемінде 90 пайызы солардың араласуымен тауар сатып, қызмет сатудан түсуі керек.
- Сондай-ақ, бұл табыс ұйымның өз қызметіне бағытталуы қажет және мүгедектігі бар қызметкерлер басқа осындай типтегі ұйымдармен бір мезгілде еңбек қатынасында болмауы тиіс.

Мұндай ұйымдарға екі деңгейлі салық жеңілдігі көзделген: егер штаттағы мүгедектігі бар қызметкерлер саны 3-тен 10 адамға дейін болса, есептелген КТС сомасы 50%-ға азайтылады. Ал егер қызметкерлер саны 10 адамнан асса – КТС толықтай жойылады. Мемлекет осылайша мүгедектігі бар адамдар үшін тұрақты жұмыс орындарын құруға жағдай жасап, оларды белсенді түрде жұмысқа тартуға ынталандырып отыр.

– Мұндай іс-шаралар салықтық жүктемені азайтып қана қоймай, сонымен қатар жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыруға да сеп болады. Инклюзивті кәсіпорындардың құрылуы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, әлеуметтік бағыттағы бизнес-орта да қалыптастырады. Мұндай ортада ұйымдар мемлекеттік қолдауға ие болып, мүгедектігі бар адамдар кәсіби тұрғыда өзін-өзі шыңдауға қосымша мүмкіндік алады, – деп атап өтті Данияр Талғат.

СТАТИСТИКА

2025 жыл, қаңтар – тамыз:

СЕГІЗ МЫҢНАН АСТАМ ЭНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ
қандас мәртебесін алды

ҚР ЕХӘҚМ Баспасөз орталығының мәліметтеріне сүйенсек, 2025 жылы осы аралықта 8051 этникалық қазақ тарихи Отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы, 1991 жылдан бері республикаға 1 млн. 156,1 мың этникалық қазақ оралды.

Жыл басынан бері Қазақстанға: Өзбекстаннан қандастардың 44,2%-ы, Қытайдан – 43,2%-ы, Түрікменстаннан – 5%-ы, Моңғолиядан – 2,7%-ы, Ресейден – 2,4%-ы және басқа елдерден 2,5%-ы келген екен.

Осы жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны – 59,1%-ды, еңбекке қабілетті жастан кішілер – 31,8%-ды және зейнеткерлер – 9,1%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 15,7%-ы – жоғары білімді, 28,1%-ы – орта кәсіби білімді, 53,5%-ы – жалпы орта білімді, ал 2,7%-ында білім жоқ.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды.

Қандастарымызды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы өңірлер: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Атырау, Батыс, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Қоныстандыру өңірлерінде 2025 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы – 2309 адамды құрайды. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 1286 қандас қоныс аударған.



Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мынандай мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады:

- бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (275,2 мың теңге) мөлшерінде;
- тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (59-дан 118 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.

Жыл басынан бері 563 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілген. Атап айтқанда, 221 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4,56 млн. теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

**Дана
САДЫРҚАН**

Құқықтық мемлекет құрудың негізі

Мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжатта ел тұтас-тығы, саясаты, халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы, азаматтар құқығының сақталуы, демократиялық құндылықтар топтастырылған.

Сондықтан Конституция – тек заңдар жиынтығы емес, ол – бүкіл мемлекеттік құрылымның іргетасы. 30 жыл ішінде Қазақстан Конституциясы мемлекеттіліктің берік тұғырын қалыптастырып, оның тұрақты дамуын қамтамасыз етті. Мәселен, Негізгі Заңның арқасында құқықтық мемлекет қалыптасты; азаматтық қоғам институттары дамыды; мемлекеттік басқару жүйесі реформаланып, экономикалық және саяси тұрақтылық орнады.

Уақыт талабы және реформа

Қазақстан Республикасының қолданыстағы 9 тарау, 98 баптан тұрған Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда рес-



(Cypet: Ulysmedia.kz)

публикалық референдумда қабылданды. 1995 жылғы Конституцияның 1993 жылғы ережеден айырмашылығы – жаңа Ата Заңда алғаш рет азаматтың құқығына ғана емес, адам дүниеге келген сәттен оның ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енгізілді.

Айта кету керек, мемлекеттің Негізгі

Заңын қабылдаудан бұрын ел халқымен кеңінен талқылау өтті. Аталған жоба 33 мыңға жуық ұжымдық талдаудан өтіп, оған 3 миллионнан астам азамат қатысқан. Талқылау барысында 30 мыңға жуық ұсыныс пен ескерту, 55 бапқа 1100-ден астам түзету мен толықтыру енгізілді. Осылайша мемлекеттік құры-

лым сенімді саяси-құқықтық негізге ие болды. Конституцияға сәйкес, тәуелсіз Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Заман талабына сай дамуға бет алған Қазақстан үшін уақыт ағымына қарай икемделіп отыру аса маңызды болғандықтан, Конституцияға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Құқықтық жағынан алғанда негізгі өзгерістердің бірі – Конституциялық Соттың құрылуы болғаны белгілі. Ел азаматтарының Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қорғайтын орган болғандықтан, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарау басты міндет болып есептеледі. Заман талабына сай енгізілген өзгерістер мен толықтырулар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының даңғыл жолына түскенін, тәуелсіз еліміздің болашағының жарқын, ұстанған бағытының кемел екенін көрсетеді.

Егемендік жолындағы жетістіктер символы

Ата Заңның бірінші бөлімінде: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп анық жазылған. Сондықтан Конституция – әрбір азаматтың өміріне тікелей әсер ететін негізгі құжат. Онда сөз бостандығы, ар-ождан еркіндігі, еңбек ету құқығы, білім алу, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау өзге де құқықтар бекітілген. Кейінгі жылдары қоғам белсенділігінің артуы, азаматтардың өз құқықтарын қорғауға деген ұмтылысы – Конституция нормаларының өміршеңдігін дәлелдеді. Әсіресе, жастар арасындағы құқықтық сауаттылықтың артуы – Ата Заңның құндылықтары орныққанын білдіреді.

Конституцияның еш өзгермейтін басты мақсаты – адамның қадір-қасиетін қорғау, әділеттілік пен заң үстемдігін қамтамасыз ету. Бүгінде Қазақстан жаһандану, цифрландыру, жасанды интеллект, экологиялық тұрақсыздық сынды жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Бұл жаңа дәуір жаңа құқықтық талаптарды алға тартады. Демек, Конституция да қоғаммен бірге дамуы қажет.

Қазақстан Конституциясының 30 жылдығы – елдің егемендік жолындағы жетістіктерінің символы, халық таңдауы, болашаққа деген сенім мен ерік-жігердің көрінісі. Осы қасиетті құжатқа құрметпен қарап, оны көздің қарашығындай сақтап, жетілдіру жолында аянбай еңбек ету – азаматтарға аманатталған жүк, абыройлы міндет.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының
оқытушысы, тарихшы:

Мемлекеттің құқықтық құжаты

Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. Құрылымдық жағынан кіріспе, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрды. Конституция Қазақстан мемлекеттік егемендік алғаннан бері қабылданған көптеген құқықтық нормаларды: халық егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, билікті бөлу принципін, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мойындауды, Президентті мемлекет басшысы ретінде тануды, сот органдарын – Жоғарғы, Конституциялық және Жоғарғы Арбитраждық соттар және басқаларды енгізді. 1993 жылғы Конституция парламенттік республика үлгісіне негізделген. Бірақ уақыт өте келе тұңғыш Конституцияның кейбір тұстары нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сәйкес болмай шыққаны байқалып, екі жыл өткеннен кейін қолданыста жүрген қазіргі Конституция қабылданды.

Әлемде 200-ге жуық мемлекет бар десек, солардың тек бірнешеуін есепке алмағанда барлығының дерлік конституциясы бар. Демек, Тәуелсіз, егемен мемлекеттің өзінің дербес Конституциясы болуы керек. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы – елдің Негізгі Заңы, осы заманғы мемлекеттіліктің аса маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты.



Бердімұрат ХАСЕНҰЛЫ,
заңгер:

Ата Заңның қоғамдағы маңызы өте жоғары

Кейінгі уақытта адамдардың құқықтық сауаттылығының көтерілуі, жастардың көзінің ашылуы Ата Заңның қазіргі қоғамдағы маңызын арттырды. Конституцияда жазылған құқықтар мен бостандықтарымыз өміріміздің бүкіл саласында әркез, әр қадамымызда маңызды екенін көп адам бұрын түсіне бермейтін. Қазір бір жерде дау шыға қалса, «Бұл – менің конституциялық құқығым, неге оны шектеп жатырсың?» деген уәж айтып, өз құқығын қорғай алатын адамдар қалыптасты.

Меніңше, бұл жақсы үдеріс. Себебі, адамның өз құқығын қорғай алуы оның белгілі бір деңгейде құқықтық сауаттылығының артқанын көрсетеді. Дегенмен, ащы болса да айтқан жөн, бізде әлі күнге дейін қарапайым алаяқтардың схемасына алданатын, сенбейтін дүниеге сеніп, кез келген азаматтық-құқықтық қарым-қатынастарда заңды да, өз құқығының тапталғанын да білмей жүрген азаматтар жоқ емес. Заң алдында бәрі тең. Таптық, лауазымдық теңдіктің сақталмауы – қоғамның дерті.

Атап айтқанда, бізде жеке адамның шекарасына кіру, өзін өзгеден жоғары санау кезінде құқық бұзушылықтар жиі болады. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген Әл-Фарабидің жақсы сөзі бар. Тәрбие мен құқықтық мәдениет қатар жүреді. Сондықтан тал бесіктен бастап адамдарға жәй ғана қарапайым мәдениеттілікті үйрететін болсақ, ол құқықтық мәдениетке ұштасады. Мәселен, көшеге қоқыс тастау, ластау – әкімшілік құқық бұзушылық. Бұл, әуелі, ата-анадан, отбасыдан берілетін тәрбие, мәдениеттіліктің көрсеткіші.

МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

БОЛАШАҚҚА ЖОЛ СІЛТЕЙТІН ШАМШЫРАҚ

Ата Заң – құқықтық құжат қана емес, халық жүрегінің үні

Биыл барша қазақ елі үшін айрықша тарихи жыл – Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толды. Бұл – тек уақыттың өлшемі ғана емес, тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасу жолындағы ең қасиетті белестердің бірі.

Әр халықтың тарихында ел тағдырын шешкен, болашақ бағытын айқындаған кезеңдер болады. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары, Кеңес Одағы ыдырап, сан ғасыр бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткізген шақта халқымыздың алдында жаңа сұрақ тұрды: «Біз мемлекетімізді қандай заңмен, қандай тәртіппен, қандай негізбен басқарамыз?». Міне, осы сауалға берілген айқын әрі шешуші жауап – 1995 жылы қабылданған Ата Заңымыз болды.

Конституция – жай ғана құқықтық құжат емес, ол – халық жүрегінің үні, елдің тағдырын түгендеген тегеурінді заң. Халқымыз оны бекерден-бекер «Ата Заң» деп атама-

ған. Өйткені, оның әрбір бабы – халықтың құқығын қорғап, болашаққа жол сілтейтін шамшырақ. Отыз жыл бойы Конституциямыз Қазақстанды татулықтың туы, тұрақтылықтың тірегі, әділеттің айнасы етіп келеді. «Әділ заң – елдің айбыны» деп ата-бабамыз айтқандай, Ата Заңымыз ел ішіндегі тыныштықты, әр азаматтың теңдігін қамтамасыз етті. Бүгінде Қазақстанды әлем бейбітшіліктің бесігі, тұрақтылықтың мекені ретінде таниды. Бұл – Конституцияда бекітілген демократиялық құндылықтардың жемісі.

Халқымыз ежелден-ақ әділдік пен заңға сүйенген. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» – барлығы да халқымыздың өмірін тәртіпке келтірген Ұлы дала заңдары болды.

Бүгінгі Конституция – сол дәстүрдің заңды жалғасы, жаңа дәуірдегі жалғамы. Бабаларымыз: «Хан әділ болса – халық ырысты, Заң әділ болса – ел тынышты» деп тегін айтпаған. Ата Заңымыздың әділдігі мен кемелдігі

арқасында әрбір қазақстандық өзінің құқығын қорғап, арман-мақсатын жүзеге асыра алады. Ең бастысы – бейбіт аспан астында өмір сүреді.

Отыз жыл – тарих өлшемімен қысқа ғана уақыт, бірақ біз үшін бұл жылдарда ғасырға татитын істер атқарылды. Мемлекетіміздің әрбір жетістігінің артында Конституцияның қағидалары тұр. Әр азаматтың еркін білім алуына, еңбек етуіне, өз пікірін ашық айтуына құқық берілді. Бұл – дамыған елдерге тән құндылықтар.

Конституция – құтты қазық, мәңгілік бағыт, ар-намысымыздың айнасы. Әлемде түрлі қақтығыстар, дау-жанжалдар орын алып жатқанда, біздің елде татулық пен бірліктің салтанат құруы – Ата Заңымыздың артықшылығы. Отыз жылдық мерейтой – өткенге тағзым етіп, болашаққа сеніммен қараудың сәті. Ендігі міндет – осы асыл мұраны қастерлеп, әрбір бабын құрметтеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғау.

Еліміздің ұраны айқын: Ата Заң – баршаға ортақ асыл мұра. Оның қадірін білу, ардақтау – бізге парыз!

Конституциямыз – елдіктің еңсесі, бірліктің байрағы, тәуелсіздіктің тірегі болып жасай берсін, халқымыздың мерейі әрқашан үстем болсын!

Альфарابي МАСАЛИМ,
Спикерлер пулының мүшесі, журналист



ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

ҚАЗАҚ ЕЛІ ТАРИХЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЗАҢДАР

Қазақ хандығы дәуірінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағы қабылданып, қолданысқа енгізілгені белгілі. Ұлы дала елінде ең әйгілі болып, кең тарағаны Тәуке ханның «Жеті жарғы» деп аталған заңдар жинағы болды. Кейіннен Ресей империясына қосылған кезде Қазақстан Ресей империясының заңдар кодексіне сүйенді.

- XX ғасырдың басында – 1911 жылы алғашқы конституцияны құру әрекеті болды: Барлыбек Сыртанов егеменді мемлекет құру идеясын негізге алып, «Қазақ елінің Жарғысы» құжатын дайындады, бірақ оның бұл әрекеті сәтсіз аяқталды.

- 1917 жылы «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының бағдарламасын жариялады, онда мемлекеттік билікті үш тармаққа бөлу, жалпыға ортақ сайлау және т.б. идеялары көтерілді. Құжаттың құрылымы сол кездегі Еуропа мемлекеттерінің конституцияларына ұқсас болды.

- 1920 жылдан 1991 жылға дейінгі аралықта Қазақстанның Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына (КСРО) қосылу кезеңінде конституциялық актілер әзірленді және қабылданды. Осы кезеңде бірнеше Конституция қабылданды.

- Қазақстанның бірінші Конституциясы КСРО құрылғаннан кейін 1926 жылы 18 ақпанда Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің Жарлығымен соңғы редакциясында қабылданды. Осы Конституция бойынша Қазақстан РСФСР құрамында тең құқықты республика болды.

- 1937 жылы 26 наурызда Кеңестердің X Жалпықазақ съезінде қабылданған Қазақ КСР Конституциясы 11 тарау мен 125 баптан тұрды. Онда: «КСРО Конституциясының 14-бабынан тыс өзінің егемендік құқықтарын толық сақтай отырып, Қазақ КСР-і мемлекеттік билікті дербес жүзеге асырады» деп жазылды.

- 1978 жылдың 20 сәуірінде IX шақырылған республика Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс VII сессиясында қабылданған Қазақ КСР Конституциясы кіріспеден, 10 бөлімнен, 19 тараудан, 173 баптан тұрды. Оған сәйкес барлық билік таптық принцип бойынша жұмысшыларға, шаруаларға және еңбекші интеллигенцияға бөлінген халыққа тиесілі болды. Билік пен басқару органдарының жүйесінің басында Қазақ КСР Коммунистік партиясы тұрды (6-бап). Бұл Конституция республиканың ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылымын, жоғары және жергілікті билік органдарының құзыретін (78-83, 97-139 баптар),



сайлау жүйесінің принциптерін, халық депутаттарының құқықтық мәртебесін айқындады, мемлекеттік экономикалық жоспарлау және әлеуметтік даму, мемлекеттік бюджет, әділет, төрелік, прокурорлық қадағалау институттарын және т.б. құрды.

- Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. Құрылымдық жағынан кіріспе, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрды. Конституция Қазақстан мемлекеттік егемендік алғаннан бері қабылданған көптеген құқықтық нормаларды: халық егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, билікті бөлу принципін, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мойындауды, Президентті мемлекет басшысы ретінде тануды, сот органдарын – Жоғарғы, Конституциялық және Жоғарғы Арбитраждық соттар және басқаларды енгізді. 1993 жылғы Конституция парламенттік республика үлгісіне негізделген. Құжат Мемлекеттің тәуелсіздігін заңды түрде рәсімдеді, халықаралық қауымдастыққа Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде танытты, біздің қоғамға жаңадан енген кейбір институттарды қоғамдық, саяси және құқықтық салаларда бекітті, сөйтіп сол кездегі үш негізгі міндетті шешті. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы өтпелі кезеңде өз қызметі мен міндеттерін ойдағыдай атқара білген тарихи маңызды құжат болып табылады.

- 1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда бүкіл Қазақстан халқы

еліміздің басты құжаты – Қазақстан Республикасы Конституциясын бірауыздан қабылдады. Жаңа конституциялық құжатқа сәйкес Қазақстан президенттік басқару нысанындағы мемлекет болып жарияланды, ал 30 тамыз демалыс күні ретінде белгіленді. Заң 9 бөлім мен 98 баптан тұрады. Қолданыстағы Конституцияға төрт рет – 1998, 2007, 2011 және 2017 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Конституция бойынша Қазақстан Республикасы демократиялық, унитарлық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет. Басқару нысаны бойынша Қазақстан мемлекеті президенттік республика болып анықталды. Конституция егемендіктің саяси және құқықтық негіздерін бекітіп, адамның өмірін, құқықтары мен бостандығын, тегіне, әлеуметтік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатыстылығына қарамастан, адам мен азамат құқықтарының теңдігін мемлекеттің жоғары құнылықтары деп жариялады.

- 2022 жылғы конституциялық реформа қоғам мен мемлекетті одан әрі жаңғыртудың құқықтық негіздерін қалыптастырып, елімізде жан-жақты демократияландыру үдерісі, саяси жүйені жаңғырту басталды. Реформаның басты мақсаты – еліміздің сайлау жүйесін жетілдіру, сайлау процесін жаңғырту, партиялық жүйесін дамыту болды.

- Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және Мәслихат сайлауы өтті. Президент партияның мүшелігіне өтпейтін болды, ал облыс әкімдері партия бөлімшелеріне

жетекшілік жасамайтын болды. Құқық қорғау институттарының және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі көтерілді. Заң үстемдігін орнықтыруға ықпалды Конституциялық Сот құрылды. Бұл институттың пайда болуы соттардың ісіне өзге институттардың араласуына шек қойды.

- Конституциялық реформаның тағы бір нәтижесі – заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заң. Заң арқылы мемлекет елдің тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін Қазақстан халқының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жүйесін айқындайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен табиғи ресурстардан түсіп жатқан пайданы жинақтап отырған Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызын 2024 жылдан бастап балаларға төлеу шешімі қабылданды.

- Жаңа Конституция құрылымында Президент тек қана бір мерзімге, 7 жылға сайланады. Билікке саяси жағынан монополия жасаудың алғышарттары алынып тасталды. Президенттің құзыреті азайып, Парламент, оның ішінде, Мәжілістің құзыреті артты. Ата Заңымызға жасалған бұл реформа халық пен биліктің арасындағы бұрынғы арақашықтықты жақындатып, билікке, Парламентке, мәслихаттарға халықтың нақты өкілдерінің келуіне, сонымен бірге еліміздегі саяси жүйенің әділетті экономикалық моделін жасауға негіз қалады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ФУТБОЛ

ТАРИХИ ТРИУМФ:

«ҚАЙРАТ» – ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНДА



Досбол АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Қазақ футболының жаңа дәуірі

Алаңға кіреберісте үлкен кезекті болдырмай үшін матч сағат 21.45-те басталса да, стадион есігі жанкүйерлер үшін сағат 18.45-те ашылды. Адамдар дәл осы уақыттан бастап ойын басталғанға дейін қаланың түкпір-түкпірінен спорттық нысанға ағылып жатты. Көше бойында сары-қара ту көтеріп, алматылық клубтың жейдесін киген адамдардың қарасы көп болды. Атап өтетіні, жанкүйерлердің ыңғайы үшін сағат 18.00-ден бастап қаланың негізгі нүктелерінен стадионға тегін автобустар қатынады. Ал қоршаудан кейінгі аймақта ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылды. Осылайша Орталық стадион іші-сыртында нағыз спорттық мереке сезілді.

Матч алдында Алатаудың баурайында алғаш рет қосылған Чемпиондар лигасының әнұраны еліміздегі футбол сүйер қауымға шынайы шаттық сыйлағаны сөзсіз. Дәл осындай көңіл-күйде басталған ойында «Селтик» әу бастан басымдылығын көрсеткісі келді. Алайда, шотландиялық ұжым допқа көбірек иелік еткені болмаса, алғашқы 20 минутта қауіп төндірген жоқ. Тек 24-минутта Форрест «Қайрат» қақпасына баспен соққы жасай алды, бірақ 21 жастағы Темірлан Анарбеков оны қиындықсыз қайтарды. Бұл сәттен кейін алматылық ойыншылар бірнеше қарымта шабуыл жасады. Алайда, ойынның біріншісі жартысында есеп ашылған жоқ.

Екінші тайм да тартысқа толы болды. 53-минутта «Селтик» қақпасысының қателігінен кейін сары-қара жейделі ойыншыларымызға мүмкіндік берілді. Қақпадан 4-5 метр жерде айып добы ойнатылып, соққы жасалды, алайда жанкүйерлер күткен нәтиже болған жоқ. Ал 86-минутта «Қайраттың» қорғанысын артта қалдырған Маеда Темірланмен бір-бірге шықты. Бірақ ол допты қақпадан жоғары тегіп, мүмкіндігін мүлт жіберді. Осындай өзара шабуылдармен ойынның негізгі кезеңі тағы да 0:0 есебімен аяқталды. Экстра-таймда жалпы құрамының бағасы 130 млн. еуродан асатын шотландиялықтар басымырақ болып, бірнеше өткір шабуыл жасады. Алайда, «Қайрат» қорғанысы сыр бермеді. Темірлан Анарбеков өз қақпасына келген барлық соққыны қайтарды.



120 минут нәтижесі бойынша ойын статистикасы:

«Қайрат»	«Селтик»
39% – Допқа иелік ету – 61%.	
12 – Соққылар саны – 11.	
3 – Қақпаға соққы – 5.	
5 – Бұрыштама – 7.	
16 – Ереже бұзу – 10.	
5 – Сейв – 3.	

Екі ойын мен қосалқы уақыт нәтижесі бойынша жеңімпаз анықталмағандықтан, командалар пенальти сериясында бақ сынады.

Темірлан «Селтикті» сүріндірді

Бұл жолы да «Қайрат» қақпашысы Темірлан Анарбеков ерекше көзге түсті. Ол «Селтик» ойыншыларының 3 добын қайтарып, өз командасына жеңіс сыйлады. Осылайша алматылық команда Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде Словенияның «Олимпия», Финляндияның «КуПС», Словакияның «Слован», Шотландияның «Селтик» командаларын жеңіп, Еуропаның үздік турниріне өз тарихында алғаш рет жолдама алды. Ал қазақ футбол тарихында бұл екінші рет. 2015/2016 жылғы маусымда «Астана» Чемпиондар Лигасының топтық кезеңіне шыққан болатын.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды «Қайрат» футбол клубын тарихи жетістігімен – УЕФА Чемпиондар лигасының негізгі кезеңіне жолдама алуымен құттықтады.

«Қайрат» футбол клубын тарихи жетістігімен – жеңісімен және Еуропаның ең беделді додасы, УЕФА



Чемпиондар лигасының негізгі кезеңіне жолдама алуымен шын жүректен құттықтаймын! Алматылық команда өз шеберлігі мен жігерін айқын көрсетті. Бұл жеңіс – барша алматылықтар үшін қуаныш, бүкіл ел үшін үлкен мақтаныш.

Клубқа алдағы уақытта да жеңістер мен Еуропа алаңында сәтті өнер көрсетуді тілеймін. Алматыда жаңа заманауи стадионның салынуы Қазақстан футболының дамуына тың серпін беретіні анық. Жеңіс құтты болсын!» – делінген құттықтау-лебінде.

Қазақ футболы үшін маңызды жеңістен кейін Орталық стадионға жиналған жанкүйерлер ұзақ уақыт тарқамай, ән айтып, ұрандатып жүрді. Ал қала символдарының бірі – Көктөбе мұнарасы «Қайрат» футбол клубының түсіне боялып, онда команданың эмблемасы көрсетілді.



ЖАНКҮЙЕР ЖЫРЫ

ҚАНДАЙ ҒАЖАП, ЖЕҢІС ТЕРБЕП ТАҢ АТҚАН!
(«Қайрат»-тың жеңісіне арнау)

Бір майданға куә болдық зор үстем, Айқас болды жан алып, жан беріскен. Алматының алаңындағы арпалыс, Елім үшін аяқталды жеңіспен!

Әлем таныр сұсы менен айбатын, Асыратын күші менен айласын. Дүркіреп бір тасып тұрған мерейі, Бір мықтыға қарсы тұрдың «Қайратым!».

Алатаудан аққан долы ағыстай, Шын ерлерді қалдыра ма, намыс жай. Қағып түсті «зеңбіректің үш добын», Темірланым атылды да барыстай!

Жеңді! Жеңді! Шаттық кернеп мені шын, Мадақ еттім, «Қайратымның» жеңісін. Бәрін құшып сүйгім келді ерлердің, Жанын салған қазақ үшін, ел үшін!

Қандай ғажап, жеңіс тербеп таң атқан! Қандай ғажап, жеңіске айтқан мадақты ән! Барша халқым аңсап күткен күн ғой бұл, Ұзағынан сүйіндірші, Жаратқан! Көкірегімді кернеп тұр ғой мадақты ән!

Шаяхмет АЛЖАМБАЙ, ақын, Қазақстанның Құрметті жазушысы.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рафазель УРАЗБАХТИН, «Қайрат» футбол клубының бас бапкері:

Мереке сыйлай алдық

Біз мереке сыйлай алғанымызға қуаныштымыз. Бірақ бұл жеңіс тек менің еңбегім емес, клубымызда жұмыс істейтін барлық қызметкердің еңбегі. Қақпашылар бойынша мен қақпашылардың бапкеріне сенім артамын. Словакияда болғанда ол Заруцкийді қалдыруды ұсынды. Ал осы ойын алдында сөйлескенімде, Темірлан қақпада жақсы тұратынын сенімді айтты. Бүгін қанша сәтте бізді Темірлан құтқарып қалды. Бұл кездейсоқтық емес.

Қазір Чемпиондар лигасына шыққан командаларды қарасақ, бәрі – топ клуб. Біз бұл тізімді шығарып, киім ауыстыру бөлмесінде іліп қойдық. Бұл – менің шешімім болды. Жігіттер бұл командаларды көргенін қаладым. Енді алдағы қарсыластарымыз мейлінше даңқты командалар болғанын тілейміз. Біз ғана ойнап қоймай, жанкүйерлеріміз тамашалай алғанын қалаймыз. Біз ел чемпионатының деңгейін көтеріуіміз керек. Инфрақұрылымды дамытып, алаңдардың күйін жақсартуымыз қажет. Сонда біздің команданың да деңгейі көтеріледі, еурокубоктерда ойнау жеңілдейді. Оған біздің нәтижеміз әсер етеді деп үміттенеміз.

Брэндан РОДЖЕРС, «Селтик» футбол клубының бас бапкері:

«Қайрат» өте мықты қарсылас

Ойын осал өтті. Біздің сәттеріміз болды, бірақ оны пайдалана алмадық. Жалпы, ойын деңгейі төмен болды. Мұндай ойындарда гол соқпасаң, пенальти сериясында бәрі де болу мүмкін. Топтық кезеңге шыққымыз келді. Бірақ шыға алмадық, оны мойындау керек. Чемпиондар Лигасы бізден көбірек күш-жігер талап етеді. Біз үйде гол соғуымыз керек еді. Бірақ оны айтпай, бүгінгі ойынға тоқталсақ, нашар болып шықты. Десе де, мен «Қайратты» жеңісмен құттықтаймын! Өте мықты команда, өте мықты қарсылас. Кәсіби тұрғыда күйзеліске төзімді болуымыз керек. Біз футбол командасы ретінде артқа қарап, одан сабақ алып, алға жылжуымыз керек.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Конституция – Тәуелсіздік тірегі. 30 тамыз – еліміз үшін аса маңызды күн. 1995 жылғы Бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заңымыз Қазақстанның мемлекеттік бағытын, құқықтық негізін және демократиялық қағидаларын айқындап берді. Мереке қарсаңында Алматы қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Жанар ХАМЗАМЕН сұхбаттасып, Ата Заңымыздың маңызы, сот жүйесіндегі реформалар туралы әңгімелестік.

АТА ЗАҢ – мемлекеттің құқықтық негізі

жүйесіне қандай нақты өзгерістер әкеледі деп ойлайсыз?

– Кассациялық соттың құрылуы – Қазақстанның сот жүйесіндегі маңызды қадам және әділ сот төрелігін қамтамасыз ету бағытындағы стратегиялық

шешім. Ең алдымен, бұл орган заңды күшіне енген сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін қайта қарап, орын алуы мүмкін сот қателіктерін түзетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, Кассациялық соттың енгізілуі Жоғарғы соттың жүктемесін едәуір жеңілдетіп, ең күрделі, түпкілікті құқықтық мәселелерді шешуге жол ашадy. Сонымен қатар, бұл сот сатысы заңнаманы бірыңғай және тұрақты қолдануды қамтамасыз етеді, осылайша құқық қолдану тәжірибесінің болжамдылығы қалыптасады. Мұның барлығы азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтып, олардың конституциялық құқықтарын қорғауды жаңа деңгейге шығарады. Демек, Кассациялық сот тек техникалық өзгеріс емес, ол еліміздегі құқықтық мәдениетті нығайтуға ықпал ететін маңызды институт.

– Конституцияда сот билігінің орны қалай айқындалған және оның еліміздің сот жүйесіне әсері қандай болды?

– Ата Заңымызда сот билігі мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде бекітілген. Осыған сәйкес 2000 жылдың 25 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заңы қабылданды. Бұл заң елімізде сот төрелігінің орнауына ықпал етіп, соттарды қылмыстық іс бойынша тек жазалаушы орган рөлінен босатты.

Кейінгі жылдары сот жүйесінде ауқымды реформалар жүргізілді. Азаматтардың арыздары мен өтініштерін қараудағы сот төрелігінің сапасын арттыру үшін түрлі салалық соттар құрылды. Мәселен, 2021 жылдың шілде айында мамандандырылған әкімшілік соттар іске қосылды. Олардың басты мақсаты – жеке және заңды тұлғалардың мемлекет тарапынан бұзылған құқықтарын қалпына келтіру.

– Дауларды шешуде соттан тыс қандай жолдар қолданылады?

– Азаматтар арасындағы дауларды соттан тыс тәртіпте шешудің түрлі тәсілдері бар. Оған медиация, партисипативтік рәсім, сондай-ақ сотқа дейінгі реттеу жолдары жатады. Бұл тәсілдер іс жүзінде белсенді қолданысқа еніп, уақыт пен ресурс-ты үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр.

ЖҮЙЕ ДАМЫП КЕЛЕДІ

– Ювеналды соттарға жүктелер жауаптылық жоғары. Олардың Конституциялық мәртебесі мен заң шығару жүйесіндегі орны туралы айтсаңыз.

– Ювеналды соттар – балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғауға мамандандырылған соттар. Оларға жүк-

телер жауапкершілік жоғары, себебі қабылданатын шешімдер тікелей баланың тағдырына әсер етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясында сот билігінің біртұтас екені және барлық соттардың заң алдында тең дәрежеде екені айқын көрсетілген. Осы тұрғыдан алғанда, ювеналды соттар жалпы сот жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және олар дербес мамандандырылған соттар ретінде өз өкілеттігін жүзеге асырады. Яғни олардың мәртебесі Конституциямен кепілдендірілген сот билігінің аясында анықталады.

Қазіргі уақытта ювеналды соттар тек қылмыстық сипаттағы істерді ғана емес, сонымен қатар талап қою істерін, ерекше өндіріс санатындағы талаптарды да қарайды. Соның нәтижесінде қаралатын істердің санаты кеңейіп, судьялардың жүктемесі едәуір артып отыр. Осы себепті ювеналды соттарда штат санын ұлғайту мәселесі күн тәртібінде өзекті болып тұр.

Айта кету керек, Қазақстан 1994 жылдан бастап Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының қатысушысы. Конвенция қағидаттарына сәйкес, әрбір баланың мүддесі бірінші кезекте қорғалуға тиіс. Сондықтан ювеналды соттарда басты басымдық – жазалау емес, қайта тәрбиелеу мен қоғамға бейімдеу.

– Жыл басынан бері қаралған азаматтық, қылмыстық істерге тоқталып өтсеңіз...

– 2025 жылдың алғашқы алты айында соттарда қаралған істердің жалпы динамикасын өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстыра отырып қарасақ, белгілі бір өсім мен өзгерістер байқалады. Азаматтық істер: 2025 жылдың қаңтар–маусым айларында соттарға 8403 азаматтық іс түсті, оның 6105-і қаралды. Ал 2024 жылдың дәл осы кезеңінде 7447 іс түсіп, 5875-і қаралған. Яғни биыл азаматтық істердің түсуі шамамен, 13%-ға өскен, ал қаралған істер саны шамамен, 4% артық болды. Қылмыстық істер: осы жылдың алғашқы жартысында 69 қылмыстық іс түсті, ал қаралғаны – 73 іс (оның ішінде өткен жылдан қалғандары бар). 2024 жылдың осы кезеңінде 46 іс түсіп, 47-сі қаралған болатын. Салыстырсақ, биыл түскен істер саны шамамен, 50%-ға артқан. 155 әкімшілік іс түсті, оның 137-сі қаралды. 2024 жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш тиісінше 87 және 83 іс болған. Яғни әкімшілік істер бойынша да іс көлемі екі есеге жуық өскен.

Биыл азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істердің барлығында өсім байқалады. Бұл бір жағынан, қоғамдағы құқықтық белсенділіктің артқанын, екінші жағынан соттарға деген сенімнің жоғарылағанын көрсетеді. Сонымен қатар, соттар істердің басым бөлігін мерзімінде қарап, әділ шешім қабылдауды қамтамасыз етіп отыр.

АЛҒАШҚЫ ЖАЗБАША ЗАҢНЫҢ АВТОРЫ – АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

– Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Осы орайда, оның саяси-құқықтық көзқарастары мен 1885 жылғы «Қарамола

ережесін» қабылдаудағы рөлі туралы айтып берсеңіз.

– Абайдың саяси-құқықтық көзқарастары – бүгінгі күнде де өзектілігін жоймаған тақырып. 1885 жылы ол Семей өңірінде өткен билер құрылтайында «Қарамола ережесін» қабылдауда басты рөл атқарды. Бұл ереже қазақтың әдет-ғұрпы мен дәстүрлерінің негізгі салаларын қамтыды: дәлелдеу және құн институты, жесірдің құқықтық жағдайы, мүліктік дауларды шешу жолдары, сот өндірісінің ерекшеліктері сияқты маңызды мәселелер жүйеленді. Мұның өзі Абайдың тек ақын-философ емес, құқықтық нормаларды терең меңгерген заңгер болғанын көрсетеді. Ол патша үкіметі енгізіп жатқан құқықтық өзгерістер кезеңінде қазақтарға жасалған әділетсіздік пен әйелдердің төменгі әлеуметтік жағдайын көріп, заңға жаңа нормалар енгізу арқылы халықтың тұрмысын жеңілдетуге тырысты.

Мысалы, ереженің 47-бабында жесір әйелдің өз қалауымен тұрмыс құру немесе жалғыз қалу құқығы бекітілді. Сондай-ақ, Абай ант беру институтының адалдық пен ар-намыс сақтау ісіндегі рөлін жоғары бағалап, жалған куәліктің алдын алатын тетіктерді қолдады. Қылмыстық жауапкершілік жасын 15 деп белгілеп, абайсызда жасалған әрекеттер үшін қатаң жазаға қарсы болды. «Қарамола ережесі» алғаш рет көшпелі өмірде жазбаша заң жинағы болып, ұлттық құқықтық дәстүрді сақтап қана қоймай, оны заман талабына бейімдеді. Ол «Қарамола ережесін» құрастыруда әділдік, адамгершілік және қоғамдық тұрақтылық қағидаттарын басты орынға қойды.

– Ауыр және аса ауыр қылмыстарды алқа билердің қатысуымен қарау тәжірибесі елімізде қаншалықты тиімді жүзеге асып жатыр және бұл қадам азаматтардың құқығын қорғауда қандай нәтижелер берді?

– Алқа билер институты даму кезеңінде тағы бір белеске көтеріліп, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап тек аса ауыр емес, ауыр қылмыстар бойынша да қолданысқа енгізілді. Бүгінгі таңда Қылмыстық кодекстегі 44 қылмыс түрі бойынша сотталушылар алқа биге жүгіне алады. Дегенмен, алқа билер институтын кеңейту, олардың кәсіби даярлығын жетілдіру және құқықтық мәдениетті арттыру әлі де маңызды міндет болып отыр. Сот саласында жүргізіліп жатқан реформалардың тағы бір мақсаты – Конституциямен бекітілген сот төрелігін жүзеге асыруда тәуелсіз судьялардың жүктемесін азайту. Бұл қадам әрбір істің жан-жақты зерттеліп, әділ шешім шығуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде сот актілерінің жоғары тұрған сатыдағы соттарда бұзылуы немесе өзгеруі азаяды.

Конституция күні – әрбір қазақстандық үшін өз құқығын билуге, құрметтеуге және қорғауға шақыратын мереке. Баршаңызды Ата Заңымыз қабылданған қадірлі мереке – Конституция күнімен құттықтаймын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, әр шаңырақта бақ-береке орнасын! Еліміздің мерейі асқақтай берсін!

– Мәнді сұхбатыңызға рахмет, нәтижелі істер көп болсын!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА

ТӘУЕЛСІЗ СОТ ТӨРЕЛІГІ – ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАН

– Жанар Ғабдсаматқызы, биылғы Конституция күні еліміз үшін ерекше маңызға ие. Осы 30 жылдағы конституциялық өзгерістердің ел өміріне тигізген әсері жөнінде не айтасыз?

– Иә, биылғы Конституция күні – еліміздің тарихындағы айрықша мереке-лердің бірі. Егемендігіміздің, мемлекеттілігіміздің және құқықтық жүйеміздің іргетасы қаланғанына 30 жыл толды. Конституция қоғамдағы әділдік, заң үстемдігі, теңдік сияқты демократиялық қағидаттарды бекітеді. Осы жылдар аралығында елімізде конституциялық реформалар жүзеге асты. Бұл өзгерістер халықтың саяси процестерге қатысу мүмкіндіктерін кеңейтті, мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттырды.

Бұрын атқарушы билікке бағынып келген сот жүйесі енді 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституцияға сәйкес дербес мемлекеттік орган ретінде тәуелсіз сот төрелігін құрды. Ата Заңымыздың 7-бөлімі «Соттар және сот төрелігі» деп аталады. Ата Заң – қағаз жүзіндегі құжат қана емес, ол – әр азаматтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін, құқықтарын қорғайтын және елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басты құқықтық тірек.

– Ата Заңда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау ерекше атап өтілген. Бүгінде сот жүйесі осы міндетті қаншалықты орындай алып отыр?

– Заңның ең басты қағидалардың бірі де сол. Адам өз құқығы бұзылды деп сана-са, сотқа жүгініп, әділ шешім алуға толық мүмкіндігі бар. Қазір сотқа өтініш беретін азаматтар саны артты. Ол дегеніңіз, халықтың өз мүддесін қорғау үшін заңды жолды таңдайтынын, сот жүйесіне сенімнің артқанын көрсетеді деп ойлаймын. Конституциялық реформалар сот төрелігіне де жаңа серпін берді. Енді адам құқықтарын қорғаудың тетіктері күшейіп, әділ сотқа қолжетімділік жақсарды. Яғни азамат өз құқығы бұзылған жағдайда, ең сенімді орын – сот екенін біледі. Бұл – заң үстемдігі орнаған елдің басты белгісі.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ КҮРДЕЛІ ІСТЕРДІ ШЕШУГЕ ЖОЛ АШАДЫ

– Биыл 1 шілдеден бастап елімізде Кассациялық сот өз жұмысын бастады. Сарапшылар Кассациялық соттың құрылуы Жоғарғы соттың жүктемесін азайтып, сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етеді деп күтуде. Кассациялық соттың құрылуы еліміздің сот



АТА ЗАҢ

ЕЛДІКТІҢ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕСІ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Биыл Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толып отыр. Бұл дата – тарихымыздағы үлкен белес, елдігімізді айқын-дайтын мерейлі мереке.

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

1995 жылдың 30 тамызында бүкіл-халықтық референдумда қабылданған Конституция тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасын қалап, жаңа дәуірге жол ашты. Ол – қоғамның саяси және әлеуметтік дамуына бағдар беретін, демократиялық құндылықтарды айқындайтын негізгі құқықтық құжат.

Конституция – мемлекет пен халықтың арасындағы тарихи келісім. Онда Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені анық жазылған. Бұл қағида ел тәуелсіздігін нығайтып қана қоймай, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етті.

Ата Заң мемлекеттік билік тармақтарының тепе-теңдігін белгілеп, олардың өзара жауапкершілігін бекітті. Сол арқылы басқару жүйесінің тұтастығы сақталып, ел дамуының бағыты айқындалды.

Конституцияның басты ерекшелігі – азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғауы. Онда әрбір адамның теңдігі, ар-ожданы, жеке өмірінің құпиясы, сөз бостандығы мен еңбек ету еркі нақты көрсетілген. Бұл – демократиялық мемлекеттің айнымас ұстанымы.

Осыдан 30 жыл бұрын қабылданған Ата Заң жас мемлекет үшін сенімді қорған болса, бүгінде қоғамды дамытудағы мызғымас негізге айналды. Оның нормалары күнделікті өмірде қолданыс

тауып, әрбір азаматтың мүддесін қорғауға қызмет етіп келеді.

Конституция уақыт талабына сәйкес бірнеше рет толықтырылып, жетілдірілді. Бұл – оның өміршеңдігін, заман ағымына бейімделе алатындығын дәлелдейді. Өзгерістердің барлығы халық мүддесін қорғауға, елдің саяси жүйесін жетілдіруге бағытталды. Соңғы жылдары енгізілген жаңартулар билік тармақтарының тепе-теңдігін нығайтып, азаматтардың саяси белсенділігіне жол ашты. Бұл Қазақстанды жаңа кезеңге бастайтын маңызды қадам болды.

Ендеше, Қазақстан Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толуы – ел тарихындағы маңызды белес. Ата Заң – біздің тәуелсіздігіміздің тұғыры, бірлігіміздің берік кепілі. Бұл құжат – әрбір азаматтың құқығын қорғап қана қоймай, елдің болашағын айқындайтын стратегиялық бағдар.

МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗДЕР

Қайрат БЕГАЛИН,
Алматы қаласы Мәслихатының депутаты:

Елдік тұғырын бекіткен құжат

Конституциямыздың 30 жылдығы – ел тарихындағы ерекше белес. Бұл – халқымыздың таңдауы мен тәуелсіздігіміздің басты кепілі болып келе жатқан құжаттың өміршеңдігін айғақтайтын мерейтой. Ата Заң – әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын қорғап, мемлекетіміздің дамуына берік негіз қалады.

Осы үш онжылдықта Қазақстан талай сыннан өтті, үлкен жетістіктерге жетті. Сол жетістіктердің барлығының түпкі тірегі – Конституцияда бекітілген құндылықтар. Ол бізге бейбіт өмір сүруге, болашаққа сеніммен қадам басуға, ұрпақ тәрбиесіне және әділетті қоғам құруға мүмкіндік берді.

Бұл мерейтой – өткен жолымызды бағамдап, болашаққа жаңа сеніммен қарауға шақырады. Ең бастысы, әрқайсымыз Ата Заңымызды құрметтеп, ондағы қағидаларды өмірімізде берік ұстансақ, еліміздегі бірлік пен тұрақтылық нығая береді.

Барша алматылықтарды Конституцияның 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа амандық, ынтымақ пен береке тілеймін.



Шолпан БОСТАНҚЫЗЫ,
«Ел бірлігі» одағының төрағасы, заңгер:

Ата Заң – әділетті қоғамның негізі

Бүгінгі таңда елімізде азаматтық қоғам қалыптасып, жаңа дәуір басталып келеді. Бұл – Әділетті Қазақстанның басты қадамы. Мемлекет құқықтық жүйені нығайтып, әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауға күш салуда.

Дегенмен, Конституциямызға байланысты ойланатын тұстар да бар. Ата Заңымыз толық жазылғанымен, кей баптары аударма барысында мағынасын жоғалтып жатады. Себебі, заңдар алдымен орыс тілінде дайындалады да, кейін қазақшаға аударылады. Соның салдарынан кейбір тұстары халыққа түсініксіз болып қалады. Бұл – шешімін табуы тиіс мәселе. Әлемнің кез келген елінде Ата Заң тек өзінің мемлекеттік тілінде жазылады. Біз де сол жолды ұстанғанымыз жөн. Өйткені, заңды өз тілімізде жазсақ, халыққа да, заңгерлерге де түсінікті болады. Ал өзге тілдер қажет болса, ол ресми мәртебесіз-ақ қолданыла береді.

Өйткені, Ата Заң – құқықтық құжат қана емес, ол ар-ожданымыздың, намысымыздың айнасы болуы тиіс. Сондықтан оның әрбір бабы анық, нақты және қарапайым азаматқа түсінікті болғаны маңызды. Қайшылыққа жол берілмеуі керек. Заң жобаларын дайындауда мемлекеттік тілді еркін меңгерген тәжірибелі заңгерлердің қатысуы да аса қажет.

Әділетті қоғам құру үшін әр азамат өз құқығын ғана емес, сонымен бірге міндеті мен жауапкершілігін де сезінуі қажет. Сонда ғана біз шынайы демократиялық әрі ашық мемлекет бола аламыз.

Конституция күні құтты болсын! Баршаңызға денсаулық, шаңырақтарыңызға береке, ел-жұртымызға ынтымақ тілеймін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арай ҚАСЫМБАЕВА,
Алматы қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының бастауыш білім беру бөлімінің жетекшісі:



Сапалы білім кепілі

Биыл Тәуелсіз Қазақстанның басты құжаты – Конституциямызға 30 жыл толып отыр. Ата Заң – мемлекетіміздің іргетасы, тәуелсіздіктің тірегі ғана емес, әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі. Әсіресе, білім беру саласына Конституцияда ерекше мән берілген. Онда әрбір қазақстан-дың сапалы білім алуға құқығы айқын көрсетілген.

Алматы – еліміздің ең ірі білім орталығы. Мұнда жүздеген мектеп пен мыңдаған ұстаз жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие береді. Бастауыш сыныптарда біз балаларға сауат ашуды ғана емес, әділдік пен жауапкершілік сияқты өмірлік құндылықтарды үйретеміз. Әлбетте, бұл – Конституция қағидаттарының жас буын санасында орнығуына жол ашады.

Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі елдің иесі. Сондықтан олардың бойына құқықты құрметтеу, теңдік пен таулықты сіңіру – ұстаздардың басты міндеті. Осы жолда Алматы мектептері жаңа технологияларды кеңінен қолданып, заманауи білім беруде алдыңғы қатарда келеді.

Барша қала тұрғындары мен қонақтарын Ата Заңымыздың 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Елдігіміздің берік тұғыры болған Конституциямыз әрдайым бірлігімізді нығайтып, болашағымызды баянды ете берсін!

Әлімбек ҚАУҒАБАЙ,
Алматы қаласының тұрғыны:

Болашаққа деген сеніміміздің тірегі

Конституцияның 30 жылдығы – біз үшін үлкен қуаныш. Ата Заң – мемлекет пен халық арасындағы ең басты келісім. Сол арқылы әрқайсымыздың құқығымыз қорғалады. Мұның барлығы Конституцияда бекітілген құқықтарымыздың арқасы. Әсіресе, заң алдында бәріміздің тең екеніміз көңілге қуаныш ұялатады. Қарапайым тұрғын ретінде менің де құқығымды қорғап тұрған мемлекет бар екенін сезіну – сенімді арттырады. Қоғамдағы әділдік, тұрақтылық пен бейбіт өмірдің негізі осы Ата Заңда жатыр.

Алдағы уақытта да әр азамат өз құқығын біліп, талап етіп отырса, еліміз бұдан да әділетті, бұдан да мықты бола түседі деп сенемін. Конституция, ол – біздің болашаққа деген сеніміміздің тірегі. Мереке құтты болсын!

ЖАТАҚХАНА

Саясат НҰРБЕК,
Ғылым және жоғары білім министрі:

БІРДЕ-БІР СТУДЕНТ КӨШЕДЕ ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Алматы – еліміздегі оқу ордаларының шоғырланған ортасы. Студенттердің басым бөлігі осында оқиды. Сондықтан жатақхана тапшылығының туындауы заңды мәселе. Соңғы жылдары шаһарда жоғарғы оқу орындарының студенттері үшін жатақхана өзекті мәселеге айналғаны жасырын емес.

Осы мәселеге байланысты шаһарға арнайы келген еліміздің Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек әлі де жатақхана мәселесі өзекті күйінде екенін айтып, 10 мыңға жуық орын тапшылығы бар екенін, Алматыдан басқа өңірлердің көпшілігінде жатақханалардағы орын мәселесі шешілгенін тілге еткен еді. «Бірінші курс студенттеріне басымдық беріледі. Үш жыл бұрын тапшылық 88 мың орынды құраса, қазір ол 10 мыңға дейін қысқарды. Біз «Бірде-бір студент көшеде қалмауы керек» деген қағиданы негізге алдық. Бұл үшін барлық қажетті шаралар қабылданды», – деп қадап айтты министр.

Жүйелі жүргізілген жұмыстың бір көрінісі – Алматы қаласында ашылған Дағдарыс орталығының өз жұмысын бастағаны. Мұндай орталықтарға студенттер егер жатақханадан орын берілмесе немесе қоныстануда қиындықтар туындаған жағдайда жүгінуіне болады. Тіпті, қажет болған жағдайда ЖОО аралық үйлестіру шеңберінде студенттер бос орындары бар басқа оқу орындарының жатақханаларына жіберіледі. Сонымен қатар, қиын жағдайға тап болған студенттерге, мәселен, түнде келген, жатақханаға қоныстанбаған студенттерге Дағдарыс орталығынан 55 орын бөлініп отыр. Уақытша орналастыру үшін жылына үш рет тексеруден өтетін хостелдер де қарастырылып отыр.

Биыл Алматыдағы жоғары оқу орындары 25 хостелмен келісімге келді. Әрине, студенттердің барлығына жатақханадан орын табу қиын. Сондықтан кейбір университеттер бірнеше жылдан бері хостелдермен байланысты нығайтуға мәжбүр екенін жоққа шығармайды. Бұл жаңа оқу жылында орын тапшылығын сәл де болса азайтуға сеп болмақ. Құрамында қалалық Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес пен БАҚ өкілдері бар арнайы топ студенттер тұратын нысандарды аралап, жағдайымен танысып қайтты. Оған себеп оқу жылы қарсаңында алып шаһарға ағылған студенттердің саны жылдағыдан да көп болатын сыңайлы.

Мәселен, биыл мемлекеттік грантқа ие болған 77 мың талапкердің 32 мыңы Алматыдағы университеттерді таңдаған көрінеді. Ал баспана мәселесі жылдағы өзекті қалпында қалатын сыңайлы. Осы орайда арнайы топ студенттердің

мұқтажына айналған жатақхана мәселесінің түйінін шешуге белсене кірісіп жатқан қалалық Жастар саясатымен бірлесіп, бірнеше оқу орындарын аралап шықты.

Алғашқы аялдаған Қазақ Ұлттық қыздар педогогикалық университетінің басшылығы жатақхана дайындығымен таныстырып, ең алдымен 1-курстықтарды толық қамтып, сосын әлеуметтік жеңілдігі бар топқа жататын жастарды қамтитынын алдыға тартты. Қаламыздағы іргелі оқу орындарының бірі саналатын Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің жатақханалары жаңа оқу жылына дайын. Дегенмен, ертеректе салынған оқу ғимараттары көнерген, ескі. Жатақхана әкімшілігінің айтуынша, мұндағы студенттердің дені қалалық болғандықтан, жатақхана тапшылығы өзекті емес көрінеді.

Қазіргі таңда қалада жекеменшік жатақханалар да өз жұмысын бастаған. Мониторингтік топтың рейді кезінде олардың тым ескісі де, жаңасы да кездесті. Ал кейбір жатақханалар заманауи қонақ үйден кем түспейді. Мәселен, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің студенттері тұрып жатқан Родостовец көшесі, 174 мекенжайында орналасқан «Студенттер үйі» жеке инвестициялардың қаражатына салынған. Мұнда студенттерге жайлы бөлмелер, ас бөлмесі, оқуға және демалуға арналған бөлмелер бар.

Қысқасы, студенттің алаңсыз оқуына барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, интернетпен (wi-fi) қамтамасыз етілген коворкинг аймағы да қарастырылған. Төленетін қаражат 40 000 – 60 000 теңге аралығында. Дәл қазір қаламыздағы жауапты құрылым жатақхана тапшылығын болдырмау үшін барлық мүмкіндікті қарастырып жатыр. Оқу орындарына жатақханалармен қатар, қосымша хостелдерді де пайдалануға тура келіп отыр. Жалпы, биыл Алматыда жатақхана жетпеген студенттер үшін дәл осындай хостелдерден қосымша 11 мың орын бөлінген көрінеді. Бұл да жаңа оқу жылында орын тапшылығын азайтуға мүмкіндік береді. Жатақханалардың бақылайтын мониторинг тағы бірнеше күн жалғасады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әзиз ҚА ЖДЕНБЕК,
қалалық Жастар саясаты басқармасының
басшысы:

Тығырықтан шығу жолдары қарастырылуда

Бірде-бір студент далада қалмайды. Резерв орындар бар. Дегенмен, жатақхана салу мәселесі де өзекті. Соған қарамастан, тығырықтан шығу жолдары да қарастырылып жатыр. Мәселен, 2023 жылы 14 нысан жекеменшік инвестор бойынша бой көтерсе, былтыр 16 нысан іске қосылып, 8900 орынмен қамтамасыз етілді. Дегенмен, Алматыда әлі де 10 мыңға жуық орын тапшы. Бұл тұрғыда жұмыс қарқыны бәсеңдеме-се, жатақхана мәселесі алдағы 2-3 жылда толық шешілуге тиіс. Сол кезде студенттер хостелдер мен қонақүйлерде тұрмайды.

Дамир КУТУМОВ,
студенттік жатақханалар бойынша
қалалық жобалық кеңсе жетекшісі:

Жүйелі жұмыстар бар

Жер тапшылығына байланысты қонақүйлер мен бизнес-орталықтарын мемлекет субсидиясымен жатақханаға бейімдеу қолға алынды. Жүйелі жұмыстар бар. Уақытша шешім ретінде хостелдерден де 11 мың орын қарастырылды. Жастар саясаты басқармасының өкілдері де студенттер далада қалмайды деп сендіріп отыр. Соңғы жылдары мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде бірнеше жатақхана пайдалануға берілді.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ»

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ:

«Жалпыға бірдей білім беру» қоры бойынша жалпы қаржыландыру көлемі – 23,1 млрд. теңге

Биыл «Жалпыға бірдей білім беру» қоры аясында ата-аналардың және заңды өкілдердің есепшоттарына мектеп формасын, аяқкиім мен оқу-құралдарын сатып алу үшін шамамен, 20 млрд. теңге аударылды. Осынау мемлекеттік қолдаудың арқасында 430 мыңнан астам бала, яғни көмек алушы баланың санының 87%-ына жуығы мектепке қажетті киім-кешек, оқу құралдарымен қамтылып отыр. Сондай-ақ, материалдық көмек көлемі де 2,5 есеге өсіп, 17 мыңнан 46 мың теңгеге дейін артты.

Нақты ақпаратқа сүйенсек, осынау көмек 500 мыңнан астам балаға көрсетілді. Оның ішінде – ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, аз қамтамасыз етілген және атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың балалары, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар бар. Еліміздің барлық өңірлерінде бөлінген қаражат ата-аналардың есепшоттарына белсенді түрде аударылып жатыр. Бұл ретте көмек алғандардың сатып алынған тауарларды растайтын құжаттары болуға тиіс. Ал аталмыш төлемді алу үшін өтініш жазу жеткілікті.

Жалпы, «Жалпыға бірдей білім беру» қоры бойынша жалпы қаржыландыру көлемі 23,1 млрд. теңгені құрап отыр. Төлем мөлшері өңірлік бюджетке сәйкес, мәслихат шешімі негізінде белгіленеді және бір балаға кемінде 46 228 теңгеден төмен болмауы тиіс.

Мектеп – әрбір баланың арман-мақсатқа жетуіне бастар жарқын жол. Сондықтан да қоғамдағы әрбір азаматтың парызы – жас ұрпақтың алаңсыз оқуына жағдай жасау. Бұл ретте ұзақ жылдар бойы жалғасын тауып

келе жатқан «Мектепке жол» акциясы осынау игі мақсаттың жүзеге асырушысы іспетті.

Игі бастамаға қаламыздағы Әуезов ауданының №133 мектеп-гимназиясының ұжымы да белсене үлес қосып, оқушыларға мектеп формасы, оқу құралдары, сөмке және тағы басқа түрлі қажетті жабдықтар табыстады. Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасының 30 баласына мектеп формасын, 20 балаға аяқкиім, 40 балаға сөмке және оқу құралдарын табыс етті. Әрине, мұндай қолдау кез келген баланың бойына сенім ұялатып, оның оқуға деген ынтасын арттырары сөзсіз.

Бір жақсысы, соңғы жылдары осынау қайырымдылық шарасына тек мемлекеттік органдар ғана емес, жергілікті кәсіпкерлер, демеушілер, ұстаздар мен ата-аналар, сондай-ақ қарапайым азаматтар да белсенді түрде қатыса бастады. Акцияға әркім өзінің мүмкіндігіне қарай үлес қосып, балалардың қуанышына ортақтасып жатады. Бұл – халқымыздың бауырмалдық, жомарттық сияқты асыл қасиеттерінің айғағы болса керек.

– Ұстаз ретінде біз әр жыл сайын осы

акцияның балаларға қаншалықты қуаныш сыйлайтынына куә болып келеміз. Жап-жаңа сөмке мен жаңа киімге, оқу-құралдарына ие болған баланың білімге деген ынтасы артады. Сәл ғана көмектің өзі олардың өмірлеріне үлкен құштарлық сыйлайды, – дейді осынау іс-шараның басы-қасында жүрген Раушан Маукенова мен Орынбасар Метербай.

Жаңа оқу жылы қарсаңында елімізде дәстүрлі түрде өткізілетін «Мектепке жол» акциясына жергілікті бюджеттен 25 229 балаға киім-кешек, оқу құралдарын алу үшін 1,1 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінген.

Түркісіб ауданындағы №203 жалпы білім беретін мектептің 13 оқушысына қаржылай жәрдем көрсетіліп, олар қажетті оқу құралдары, сөмке, дәптер-қалам сияқты құралдармен толық қамтамасыз етілді. Мектеп ұжымы бірлесе әрекет жасап, зор үлес қосты. Әрине, бұл мектеп ұстаздарының мейірімі мен жауапкершілігінің жарқын көрінісі болды. Бұл ретте Сәнияма Маметова мектептің 2 оқушысына 100 мың теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетсе, Гүлімшахан Керімова мектептің бір оқушысының барлық қажетті тауарларын өз мойнына алды. Сонымен қатар, Баян Жұмабаева 10 оқушыға сөмке мен қажетті кеңсе жабдықтарын, ал Фарида Ыдырысқызы 6 оқушыға сөмке мен кеңсе құралдарын тарту етті. Мектептің бастауыш сынып мұғалімдері 2 оқушыға 110 мың теңге қаржылай көмек көрсетті.

«Мектепке жол» акциясы – бұл материалдық қолдаудан бөлек, балалардың болашаққа деген сенімін нығайтады. Өткізіліп жатқан акцияға ата-аналардың ризашылығы тіпті ерекше. «Бізге бұл көмек үлкен демеу болды. Балаларымыз жаңа оқу жылына дайын», – дейді №203 мектеп басшысы Расима Дайрабаева.

БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨНІ

ШЕТЕЛДІК ЖАСТАР

Қазақстанды таңдайды

Қазіргі таңда біздің
Елімізде 122 жоғары
оқу орны бар болса, ондағы
білім алып жатқан шетелдік
студенттер саны 31 500-ден
асып кеткен көрінеді.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің дерегіне сүйенсек, алғаш рет Азия елдерінен келген студенттер саны ТМД елдері студенттерінен де асып түскен. Мәселен, еліміздегі білім ордаларында Азия елдерінен 17 456, ал ТМД елдерінен 12 816 студент таңдаған мамандығын игеріп жатыр.

Шетелдік жастар негізінен денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, педагогика, бизнес, басқару және құқық, инженерлік ғылымдар мамандықтарын меңгеріп жүр.

Рая
ЕСКЕНДІР.





СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

ЗАМАНАУИ ЖАТАҚХАНА

пайдалануға берілді

Алматыда студенттерге арналған тағы бір жатақхана ашылды. Заманауи үлгіде салынған ғимарат 250 орынға есептелген. Ол жеке инвестиция есебінен бой көтеріп, мегаполистің студенттік инфрақұрылымын дамыту бағдарламасының бір бөлігі болды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Жатақханада бейнебақылау жүйесі орнатылып, қауіпсіздік толық қамтамасыз етілген. Әр бөлмеде жеке санитарлық тораптар, тұрмыстық техника мен ас әзірлеуге арналған жабдықтар бар.

– Қазір студенттер арасында жатақхана тапшылығы бар. Соған сәйкес, біз 128-ші жеке жатақхананы аштық. Мұнда үш университеттің жастары тұрады. Барлық жағдай жасалған. Жыл соңына дейін қалада тағы бес жатақхана пайдалануға беріледі. Осылайша бір жылдың ішінде 6 мың орынды жаңа орындар ашылып, орын тапшылығы біртіндеп шешіледі, – деді Алматы қаласы Жастар саясаты бас-

қармасы басшысының орынбасары Алмаз Кенесбай.

Жаңа нысан алғашқы студенттерін қабылдай бастады. Мұнда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Тұран» университеті және Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің студенттері орналасады.

– Бұл – жастар үшін шағын студенттік қалашық. Олар тек тұрып қана қоймай, бірге оқып, араласып, академиялық орта қалыптастырады. Бұл – инвестор салған екінші нысан. Бұған дейін ол бір жатақхананы қайта жөндеп пайдалануға берген болатын, – деді Студенттік жатақханалар құрылысы жобалық кеңсесінің жетекшісі Дамир Кутумов.

Инвестордың айтуынша құрылыс бір жыл ішінде аяқталған. Құрылыс барысында жайлылық пен қауіпсіздік басты назарға алынған.

– Барлық құрылыс талаптары сақталды. Ғимарат төрт қабатты, әр қабатта 12 бөлме бар. Әр бөлмеде төрт студентке арналған орындар жасақталған. Жеке ас үй, санитарлық торап, жуынатын бөлме, кір жуғыш машина мен тоңазытқышпен толық жабдықталған. Қауіпсіздік үшін өрт дабылқаққыштары, бейнебақылау және турникеттік жүйе қойылды. Студенттер тек



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

арнайы карта арқылы кіре алады. Бұл жүйе білім министрлігінің базасымен интеграцияланған, – деді инвестор Бауыржан Кәрімжанов.

Жаңа нысан студенттердің жайлы әрі

қауіпсіз өмір сүруіне мүмкіндік беріп, мегаполистегі жатақхана тапшылығын азайтуға үлес қоспақ. Жыл соңына дейін Алматыда 15 жаңа жатақхана ашылып, 6 мыңнан астам қосымша орын студенттерге берілімек.

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

ЯСАУИ КӨШЕСІ

күрделі жөндеуден өтуде



Күн санап өсіп жатқан шаһардың көшелері мен коммуналдық желілері де соған сай болуы керек. Қаланың коммуналдық шаруашылығы мегаполистің көшелері мен орталық құбырлар желісін рет-ретімен ауыстыруда. Осы аптада Әуезов ауданындағы Ясауи көшесінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен таныстық.



Нұрлан
СҮЙІН

Қала орталығынан шеткері жатқан бұл көше ғұлама Ясауи атында, қаланың батыс қақпасына тұтасқан көше. Шаһар басшылығы бұл көшенің асфальтінен тартып, орталық су және кәріз құбырларын ауыстыру жұмыстарын қолға алған болатын. Жобаны қаладағы «СПЕЦКОММУНСТРОЙ» ЖШС жеңіп алған.

Бір қуантарлығы, аталған ЖШС жобаны бастан-аяқ өзі атқарып шықпақ. Бұған дейін тендерді бір мердігер жеңіп алып, ол қосалқы мердігерге тапсырып, ол тағы біреумен бірлесіп атқарып үрдісті ұзаққа созатын. Бұл жобаның уақытылы аяқталуына кедергі жасап, қала тұрғындарының әбден ығырын шығарғаны белгілі. Ясауи бойындағы күрделі жұмыстар соңына жақындап қалғаны қабағат қуантады. Қазірдің өзінде орталық

құбыр ауыстыру жұмыстары аяқталуға жақын тұр. Ендігісі асфальт төсеу. Мердігер компанияның жұмысына жекеменшік үйлердегі көше тұрғындары ризашылығын білдіріп отыр.

Абзал ДАУТОВ, учаске бастығы:

– Біздің бригада Ясауи көшесіндегі құбыр жүргізу жұмыстарын аяқтау барысында. Біз көше бойындағы орталық су, кәріз желісін толықтай ауыстырдық. Жалпы, жұмыстарды қыркүйек айында бітіру жоспарланған. Сол межеден шығамыз әрі оған мүмкіндік те бар.

Жоба құрылысының қазіргі қарқынына қарағанда мерзімінде аяқталуына сенім мол. Алматыдағы коммуналдық шаруашылық жұмыстары өзге аумақтарда да осыған ұқсас жүріп жатыр. Шаһар басшылығының тұрғындар үшін осындай жұмыстарды жауапты мердігерлерге бергені қуантады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фазыл РАДЖАБИ, көше тұрғыны:

– Мен Ясауи көшесінің жоғарғы жағының тұрғынымын. Біраздан бері біздің көшеге жасалып жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының куәсі болдым. Бұрын қалай еді, құрылысшылар бүлінген жолдарды жеңіл-желпі жөндеп, тесілген құбырларды кесіп ауыстыратын. Осы жолы барлығын толықтай ауыстыруда. Жөндеу жұмыстары тұрғындарға аса қиындық туғызып жатқан жоқ. Күрделі жөндеу болғасын толықтай бітіргені жөн ғой. Есесіне, көшеміз қайта жаңғырып, автобус бағыттары кедергісіз жүреді деп ойлаймын. Бастысы, көше жөнделіп, құбыр желісінің жаңарғаны.

Күрделі жөндеу жұмыстарының қарқынына разымыз. Бастан-аяқ, бір қолдан шыққан жұмысқа қалай разы болмассың. Құбыр тарту жұмыстары бойынша үйлеріне құбыр тартылмағандарға кіргізіп алуға мүмкіндік жасауда. Ал тұрғындар болып жұмысшыларға басқалар кедергі жасамауын қадағалап, қолғабыс етеміз. Бұрын жөндеу жұмыстары деп әр жерді бір қазып, біреуі бастап, екіншісі жалғастырып жатушы еді. Қазір жұмыс басталғалы осы бригадаларды көріп жүрміз, бастан-аяқ өздері жасауда.

Көше тұрғындары қазіргі жұмыс барысына қарап кейін қайта жасалып жатпайтынына көз жеткізгендей. Нәтижелі жұмыстар құрылыс компанияларының жауапкершілігін арттыратыны сөзсіз.

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР

«АҚБҰЛАҚ»

100 пайыз сумен және кәріз желілерімен қамтамасыз етілді



Суретті түсірген Самар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алатау ауданының «Ақбұлақ» шағынауданы 100 пайыз орталықтандырылған су мен кәріз желілеріне қосылды.



Досбол
АТАЖАН

Алатау ауданы әкімдігінің Инженерлік және жол-инфрақұрылымы бөлімінің басшысы Абай Топарбай «Ақбұлақ» шағынауданында 10 шақырымдай су және кәріз желілерінің құрылысы аяқталғанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл жұмыстар қайтарылған активтер есебінен қаржыландырылған. Қазіргі уақытта «Ақбұлақ» шағынауданы 100 пайыз су және кәріз желілерімен қамтамасыз етілді.

– Мұнда бұрын адамдар өздері қазып алған ұңғыма не өз-

дері құрған желілер арқылы су алып отырды. Бүгінгі күні тұрғындар орталықтандырылған су желілеріне және кәріз желілеріне қосылды. Жалпы, бұл жоба аясында 170 үй, яғни 700–800 адам қамтылды. Инженерлік желілер жүргізілгеннен кейін жаңа асфальт төселді, – деді ол.

Сондай-ақ, аудан әкімдігінің бөлім басшысы қайтарылған активтер есебінен атқарылып жатқан екінші жобаға да тоқталып өтті.

– Жалпы, Алатау ауданында қайтарылған активтерден 2 жоба іске асырылып жатыр. Осы «Ақбұлақ» шағынауданында жұмыстар толық бітті, оған 600 млн. теңге жұмсалды. Екіншісі – «Боралдай» шағынауданында. Мұнда да 50 шақырымдай су мен кәріз желілері жүргізіліп жатыр. Қазір жұмыстар 95 пайызға орындалды. Қыркүйек айында толық аяқталады, – деді Абай Топарбай.

ЖУРНАЛИСТ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

«Мурас-2025»:

ҚЫРҒЫЗСТАН ЖАУҢАРЛАРЫ

Қырғыз Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының бастамасымен Қырғызстанның туристік бағыттағы жетістіктерімен танысу мақсатында ұйымдастырылған үш күндік «Мурас-2025» халықаралық турына Қазақстан атынан «ALATAU AQPARAT» медиахолдингінің тілшісі де қатысып қайтты.

ҚАТТАМАНЫҢ ДӘМІ

Астан үлкен ешкім жоқ. Экскурсия мүшелерінің ең бірінші ат басын бұрған жері – «Апамның шайы» («Апамдын чайы») дәмхана-кешені болды. Қырғыз шекарасына өткен кез келген турист осында, Ира апайдың дәмханасына аялдайды екен. Мұнда ұлттық нан өнімі – қаттамадан дәм татады. Ол – пияз қосылған, бірнеше қатпарлы орама нан. Туристер тұрмақ, жергілікті тұрғындардың өзі жолға шыққанда қаттамамен қарын тойдырып шығуды дәстүрге айналдырған екен. Ішке ел қонып, көңіл жайланған соң кез келген ісін де оңға басады деп ырымдайды.

Ыстықкөл көлінің оңтүстік жағалауындағы туристік индустрияның бірегейі болып саналатын «Ертегі» шатқалы маңынан қоныс тепкен «Royal Gate» этно-кешеніне келдік. Мұнда «Ton fest» халықаралық мәдени фестивалінің құрметті мейманы болдық.

Бұл – қолөнер шеберлерін, Тон ауданының тұрғындарын және туристердің басын біріктіретін фестиваль. Мұнда қырғыздың танымал әншілерінің өнерін тамашаладық. Этно-бағдарлама шеңберінде ұйымдастырылған, «Жер-ана» деп айдар тағылған ашық аспан астындағы инсталляциялардың тақырыбы да әралуандығымен бізді баурап алды.

– Біздің киізден және былғарыдан жасалған бұйымдар қырғыз жерінде ғана танымал емес, өзге мемлекеттерден келетін туристердің де құрметіне ие болған. Бізге болашақ ұрпақ үшін ұлттық мұрамызды сақтау міндеті жүктелген. Сондықтан облысымызда туризмнің дамуына атсалысамыз, – дейді жергілікті қолөнерші, «Алтын оймақ» орталығының директоры Жаңыл Баишева.

Дәл қазіргі күні Ыстықкөл айналма жолының құрылысы қарқын алған. Жағалауда заманауи қонақүйлер бой көтеруде. Киіз үйлер сап түзеуде. «Біздің жайлы киіз үйлеріміз 2028 жылға дейін брондалып қойылған», – деді «Royal Gate» орталығының директоры Әсел Дилдеева.

СЫРҒА ТОЛЫ «ЕРТЕГІ»

«Ертегі» шатқалы – Қырғызстандағы бірегей орын. Ғасырлар бойғы эрозиядан пайда болған ерекше жартастардың бірі саңырауқұлаққа, енді бірі жануарға және басқа да фантастикалық тіршілік иелеріне ұқсайды. Шатқалдың ұзындығы шамамен, 2 шақырым және қабырғаларының биіктігі 100 метрге дейін жетеді. Көкке шаншылған жартастардың фонында суретке түсу – туристер үшін мәртебе.

Барскоон – Ыстықкөл облысының Жеті өгіз ауданындағы ауыл. Бұл ауыл туристерге Барскоон шатқалымен, «Барыстың көз жасы», «Манас тостағаны», «Аққайнардың атқылауы» және «Қарияның сақалы» сынды сарқырамаларымен және қою шыршалы ормандарымен танымал.

Көкпен таласа орналасқан «Жеті өгіз» деп аталатын тау шатқалының да көркемдігі таңдай қақтырады. Бұл Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауында, Қарақол қаласынан батысқа қарай 28 шақырым жерде орналасқан.

Мұндағы «Жаралы жүрек» жартасы да, әсіресе, жастардың жиі келетін қасиетті мекеніне айналған. Ертеде бір хан өмір сүріпті. Оның сұлу қызы болыпты. Ару өгіз бағатын жігітке ғашық болыпты деседі. Әкесінің рұқсат бермесін білген екі ғашық қол ұстасып қашады. Ал хан қызын тауып әкелуге жасақ аттандырады. Алысқа ұзай қоймаған екі жас табылып, ханның сарбаздары қыздың көз алдында өгізші жігіт пен оның жеті өгізін өлтіреді. Бұл қасіретке шыдамаған қыз сол жерде жүрегі жарылып, жантәсілім еткен екен. Ал махаббатқа толы жүрегінен тамған қан екіге бөлініп, сол орында жарты жүрек пайда болыпты. Өлтірілген жеті өгіз әпсәтте қызыл тастарға айналып, қайғылы мекенді тізбектеле қоршап қалған екен дейді қырғыз аңызы.

«САНЖЫРА» МУЗЕЙІ

Жеті өгіз ауданындағы Орғочор ауылынан ашылған К.Жетимишбаев атындағы «Санжыра» тарихи-генеалогиялық мұражайының да тыныс-тіршілігімен таныстық. Бір қызығы, мұндағы күбі, келі, келсап, диірмен, астау, қазан сынды тұрмыстық заттардың бәрі біздің қазаққа да тән бұйымдар. Сондықтан да көзге жылы ұшырайды.

– Мен бір жылдары Қазақстанның Жетісу облысына арнайы барып, Шоқан Уәлиханов жерленген жер мен мемориалдық музейінде болдым. Ол өмірінің соңғы кезеңінде Тезек төремен жақын қарым-қатынаста болған. Сол тұлға туралы мәліметтер жинадым. Жетісудың әйгілі сұлтаны болған Тезек төренің әйелі Төретай – қырғыздың қызы. Сол сапарымда Тезек төренің жүзігінің көшірмесіне, өзге де біз үшін тың құжаттарға қол жеткізіп қайттым, – дейді

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Женишбек АСАНКУЛОВ,
Қырғыз Республикасының Алматыдағы Бас консулы:

ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР АШЫЛУДА

Қырғызстанның жүрегі саналатын Ыстықкөл – Орталық Азияның жауһары. Ал оның оңтүстік жағалауы – туристік әлеуеті зор бөлігі. Біз сіздерге Ыстықкөл облысының сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени және туристік бағыттағы жетістіктерін көрсеттік. Бұл экскурсиялық сапар өңірдің халықаралық ынтымақтастығын арттыру бағытындағы маңызды қадамдардың бірі болды деп ойлаймын. Мұндай турлар шетелдіктердің қырғыз тарихы мен мәдениетін тереңірек түсінуіне, Қырғызстанның туристік әлеуетін ілгерілетуге жәрдемдеседі. Өңіраралық байланыстарды кеңейту үшін қосымша мүмкіндіктер жасайды, өзара халықаралық ынтымақтастық үшін жаңа көкжиектер ашады деп білемін.

«Санжыра» тарихи-генеалогиялық мұражайының директоры Мұрат Қаленұлы.

Бізге бұл күнгі дәм Ырдык ауылынан қоныс тепкен дүнгендер ауылынан бұйырды. «Мурас-2025» турының делегациясы қабырғасының қаланғанына 150 жыл болған үйден түскі ас іштік. Ыстық ықыласпен ұсынылған дүнген тағамдары көңілден шықты.

Түскі астан соң туристер әжелер ансамблінің өнерін тамашалады. Олар 40 метрлік матадан жасалатын кимешектің (элегеч) ақ самайлы әженің басына байлану әдісін көрсетті. Матаны басқа орауға жарты сағаттан бір сағатқа дейін уақыт кетеді екен. Кимешек сонау көшпелі замандарда бас киіммен қатар, дүниеге сәби келгенде жөргек те, жол үстінде адам көз жұмса кебін де, жарақат алғанға жарасын таңатын орауыш та болған. Кимешек біздің қазақтың да ең көркем бас киімдерінің бірі. Оның осындай қызметі болғанын естіген шетелдік туристер таңданысып жатты.

ЖӘДІГЕРЛЕР «СӨЙЛЕЙДІ»

Қырғызстанның Қарақол қаласы тарихи музейлерімен, бай жәдігерлерімен танымал. Солардың арасында ағашпен өрілген көне Троицк шіркеуі мен Қытайдан арнайы қалап шақыртылған шебердің бірде-бір шегесіз салған дүнген мешіті өткеннен сыр шертіп тұр. Бой көтергеніне жүз жылдан асқан екі ғибадатхана да әлі күнге тұрғындарға қызмет етуде.

Қарақол жерінде маңызды орын алатын тарихи орындардың бірі – Николай Пржевальский музейі. Саналы ғұмырын Орталық Азияны зерттеуге арнаған әйгілі орыс саяхатшысы осы Қарақолда ұзақ аялдап, өмір сүріп, ғылыми жұмыстармен айналысқан. Орталық Азияға ұйымдастырған 5-ші экспедициясы кезінде Ыстықкөлдің жағасында, 49 жасында қайтыс болған.

Түп ауданының аумағында орналасқан «Санташ» (көп тас деген мағына береді)

қорғанының да айтары бар. Ұзындығы 4 м, ал диаметрі 56 м болатын қорғанда мыңдаған тас тау болып үйіліп жатыр.

Жергілікті аңызға сүйенсек, сонау жаугершілік заманда Темірлан қолбасшы әскери жорыққа аттанып бара жатқан әрбір әскеріне осы жерге бір тастан тастап кетіп отыруды бұйырған деседі. Ал соғыстан қайтқан кезде әрқайсысы сол жерден бір тастан алып, екінші бетке тастап кетіп отырған. Ондағы мақсат – жорыққа аттанған әскерінің санын білу. Бірақ аңыз соғыстан аман-есен оралғандардан гөрі қайтпай қалғандар санының көптігін айтады. Оған дәлел осы тау болып үйілген сан тас.

Қазіргі күні Қырғызстан үкіметі «Санташ» қорғанын ерекше қорғауға алып, айналасын қоршап, туристік аймаққа айналдыруды көздеп отыр.

Қорғаннан кейін тынысы кең әйгілі Қарқара жайлауына табан тіредік. Мұндағы заманауи үлгіде жабдықталған «Хан тәңірі» демалыс базасы бірден көз тартады.

«АҚ КЕМЕ»

Айтпақшы, Түп ауданындағы қарағайлы тау ойпатында орналасқан тағы бір шағын нысан бар. Ол – қырғыз қаламгері Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» шығармасының желісімен түсірілген осы аттас көркем фильмдегі басты кейіпкерлердің бірі, адамгершіліктің, ізгіліктің символы ретінде бейнеленетін Момын ақсақалдың көзі тірісінде тұрған екі бөлмелі шағын үйі. Қарияның немересі қайтыс болғасын үй қараусыз қалған екен. Биыл жергілікті басшылық демеушілер тартып, баспананы қалпына келтірді. Болашақта бұл нысан да мұражайға айналмақ.

Міне, Польша, Моңғолия бас консулдықтарының, Нигерия, Австрия, Германия елшіліктерінің, БҰҰ-ның өкілдері және журналистер қатысқан «Мурас-2025» туры осылайша өз мәресіне жетті.

Нұржамал ӘЛІШ,
журналист.

Қазақстан – Қырғызстан – Қазақстан.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді Post.kz сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет Post.kz-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

Вейпинг: бұл әдет несімен қауіпті?

Соңғы жылдары Қазақстанда электронды тұтыну жүйелерінің, оның ішінде вейптерді, әсіресе, жасөспірімдер мен жастар арасында қолдану танымалдылығы өсуінің алаңдатарлық беталысы байқалды. Бұл мәселе барған сайын өзекті болып отыр, өйткені зиянсыздық иллюзиясына қарамастан, вейптер денсаулыққа елеулі зиян келтіреді.

Электрондық сигареттер немесе вейптер, ингаляцияға арналған жоғары дисперсті бу шығаратын құрылғылар. Бұл құрылғыларға арналған сұйықтықта концентрациясы әртүрлі болуы мүмкін никотин бар. Алайда, бұл құрылғылардың қауіптілігі тек никотинмен ғана шектелмейді. Вейп қолданғанда шығатын аэрозольдер 1000-нан астам химиялық заттарды қамтиды, олардың көпшілігі улы болып табылады. Бұл заттардың кейбіреулері, соның ішінде өнеркәсіптік химиялық заттар тұтынушыларға белгісіз болып қалады, өйткені өндірушілер сұйықтықтың нақты құрамын ашпайды.

Джон Хопкинс университеті ғалымдарының зерттеулері вейп шегу барысында химиялық реакциялар жүруі, онда сұйықтықты қыздыратын құрылғылардың металл компоненттері де токсиндерді шығаруы мүмкін екенін көрсетті. Олардың ішінде белгілі канцерогендер болып табылатын мышьяк, хром, никель және қорғасын бар. Осы улы металлдардың әсерінен тыныс алу жүйесінің қабынуы жөтелмен, ысқырықты сырылмен және еңтігумен бірге жүруі мүмкін.

Вейптің денсаулыққа әсері бір қарағанда байқамауы мүмкін. Мысалы, тыныс алу жолдарындағы қабыну вейптерді жүйелі түрде қолданғаннан кейін бір айдан кейін пайда болуы мүмкін. Бу құрамындағы нанобөлшектер өкпе тініне біртіндеп еніп, ал вейпке арналған сұйықтықтың құрамына кіретін химиялық заттар қышқылдану стресін тудыруы мүмкін. Бұл өз кезегінде жасушалар мен тіңдердің нашарлауына ықпал етеді, сонымен қатар әртүрлі аурулардың пайда болу қаупін арттырады. Небәрі 30 минут вейп шегу қышқылдану стресінің деңгейін темекі шекпегендерге қарағанда, екі-төрт есе жоғарылатуға қабілетті. Бұл электронды темекінің денсаулыққа қаншалықты тез және зиянды әсер ететінін көрсетеді.

Кәдімгі темекі сияқты вейптер де құрамындағы никотиннің болуына байланысты тәуелділік тудырады. Бұл зат ми мен жүйке жүйесіне, әсіресе, ағза әлі дамып келе жатқан жаста жойқын әсер етеді. Вейптердің құрамындағы никотиннің мөлшері 20 мг-ға дейін өте жоғары болуы мүмкін, бұл екі қорап темекі шеккенмен бірдей. Ал жасөспірімдер үшін бұл ерекше қауіп төндіреді. Ерте жастан никотиннің әсер етуі зейіннің бұзылуы, есте сақтау қабілетінің нашарлауы және депрессия сияқты ұзақ мерзімді салдарға әкелуі мүмкін. Никотинге тәуелділік тез қалыптасады, бұл әдетпен күресті қиындатады және ұзаққа созады. Жаман әдеттен арылуды шешкендер үшін Алматы мамандандырылған көмек көрсететін темекіге қарсы кабинеттер ашылды. Бұл орталықтар емханалар, отбасылық диспансерлер және басқа да емдеу мекемелері негізінде жұмыс істейді. Олардың құрамына невропатологтар, наркологтар, психологтар мен психотерапевттерді қоса алғанда, әртүрлі бейіндегі мамандар кіреді, олар адамдарға темекіні немесе вейп шегуді тастауға көмектеседі. Вейптің темекіге қарсы қауіпсіз балама болып табылмайды және темекі мен никотин өнімдерін пайдаланудың кез келген түрі денсаулыққа қауіп төндіреді. Бұл процесс ағзалары әлі дамып жатқан балалар мен жасөспірімдер үшін әсіресе қауіпті. Темекі шегудің қауіпсіз түрлері жоқ екенін және симптомдардың болмауы ағзаға зиянды әсер етпейтінін есте ұстаған жөн. Денсаулық – бұл сіздің құқығыңыз және ол сіздің қолыңызда.

Алматы қ. ҚДСБ–ның тапсырысы бойынша

Алматы қалалық Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы.

Энергетикалық сусындар: денсаулықтың қас жауы

Энергетикалық сусындар – құрамында кофеин, қант және таурин, гуарана мен женьшень сияқты әртүрлі стимуляторлар бар сұйықтықтар. Өндірушілер оларды тез әл-қуатты қалпына келтіруге, зейінді, төзімділікті арттыруға және тіпті салмақты азайтуға көмектесетін өнімдер ретінде сатады. Дегенмен, бұл мәлімдемелер, әсіресе, жүйелі түрде тұтынылған жағдайда жеткілікті ғылыми дәлелді емес.

Жасөспірімдер мен жастар энергетикалық сусындардың негізгі мақсатты аудиториясы болып табылады. Олар сусындарды оқу, емтиханға дайындалу кезінде, жаттығу алдында немесе «сергу» үшін күні бойы ішеді. Дегенмен, жасөспірімдік шақ осы ынталандырушы заттардың жағымсыз әсерлеріне ең осал кез, өйткені ағза әлі де белсенді өсу мен қалыптасу сатысында.

Қауіп өнім ішінде жасырылған

Энергетиктерді үнемі тұтыну денсаулыққа байланысты бірқатар күрделі проблемаларды тудыруы мүмкін:

- **Қан қысымын жоғарылату мен жүрекке күші түсіру;**
- **Ұйқының бұзылуы және ұйқысыздық, әсіресе, жасөспірімдерде;**
- **Мазасыздық, ашушандық, жүйке бұзылыстары;**
- Құрамында қанттың жоғары болуына байланысты **семіздік пен қант диабеті қаупінің жоғарылауы;**
- **Жүрек-қантамыр жүйесінің проблемалары,** оның ішінде тахикардия мен аритмия;
- **Тәуелділікті қалыптастыру** – уақыт өте келе ағзаға белсенділікті сақтау үшін көбірек стимуляторлар қажет;
- Ұзақ уақыт қолданған кезде **зейінді шоғырландыру мен есте сақтаудың төмендеуі.**

Энергетиктердің ішімдікпен үйлесуі әсіресе қауіпті – бұл қатты улануға және ағзаға шамадан тыс күш түсуіне әкелуі мүмкін.

Жарнама мен маркетингтің рөлі

Энергетиктерді өндірушілер жастарға бағытталған жарнаманы белсенді пайдаланады. Бұл:

- Атақты спортшылар мен блогерлер қатысуымен түсірілген бейнелер;
- Спорттық ортадағы және киберспорттағы акциялар;
- Әлеуметтік желілер мен бейнеплатформалардағы жарнаманың болуы.

Жасөспірімдер жарнама арқылы мықтылықтың, табыстың және танымалдылықтың бейнелерін қабылдайды. Алайда, өнімнің зияны туралы маңызды ақпарат, әдетте, мұндай хабарламаларда болмайды.

Егер сіз шаршауды немесе энергияның жетіспеушілігін сезінсеңіз, энергетиктердің орнына қауіпсіз және пайдалы баламаларды таңдауға болады:

- **Дене белсенділігі** – тіпті жылдам серуендеу немесе жаттығу сергектікті арттырады;
- **Толыққанды ұйқы** – тұрақты демалыс ағза үшін өмірлік маңызы бар;
- **Дұрыс тамақтану** – жемістер, жаңғақтар, көкөністер, тұтас дәнді дақылдар азық-түлік пен таза су табиғи энергияны сақтайды;
- **Шөп және табиғи сусындар** – көк шай, лимон, имбирь, жалбыз зиянсыз сергітуге көмектеседі;
- **Стресс деңгейін төмендету** – тыныс алу жаттығулары, медитация және демалыс жалпы әл-ауқатты жақсартады.

Ата-аналар, тәрбиешілер және жалпы қоғам бұл мәселеге мұқият болып, жастарға дұрыс таңдау жасауға көмектесуі керек.

Алматы қ. ҚДСБ–ның тапсырысы бойынша

Алматы қалалық Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы.

Тұздың адам денсаулығына зияны, оның алдын алу шаралары

Тұз тарихтан бұрынғы замандардан бері тамақ дайындауда қолданылған және әлі күнге дейін заманауи азық-түлік өндірісінде үнемі пайдаланылады. Натрийдің деңгейінің жоғары болуы кальцийдің бүйрек арқылы ағзадан шығуына ықпал етуі мүмкін. Бұл сүйектердің нашарлауына, олардың әлсіреуі мен сыну қаупінің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Бұл, әсіресе, остеопорозбен ауыратын немесе ауруға шалдығу қаупі бар адамдар үшін өте маңызды. Денсаулыққа жағымсыз әсерлерді азайту үшін тұзды тұтынуды бақылау қажет. Тұзды тұтынуды азайтудың ең айқын жолы – ас үлесіндегі тұз мөлшерін бақылау. Тамақ жасау кезінде тағамға тұз қосуды азайту, сондай-ақ консервілер, шұжықтар, фаст-фуд, чипсы және өңделген тағамдар сияқты тұзы көп тағамдарды тұтынуды шектеу ұсынылады.

Сонымен қатар, тұз көбінесе адамдар білмейтін әртүрлі тағамдарда, мысалы, тұздықтар, сорпалар, нандар, ет өнімдерінде және тіпті қантты тағамдарда қолданылатынын ескеру маңызды. Тағамның дәмін жақсарту үшін дәм беріп қана қоймай, денсаулыққа пайдалы түрлі дәмдеуіштер мен шөптерді қолдануға болады. Мұндай тұз алмастырғыштардың мысалы ретінде сарымсақ, пияз, тимьян, розмарин, куркума және зімбірді келтіруге болады. Бұл дәмдеуіштер тағамдарды дәмді етіп қана қоймай, сонымен қатар антиоксидантты және қабынуға қарсы қасиеттерге ие. Қалыпты су балансын сақтау тұздың теріс әсерінің алдын алу үшін де маңызды. Денеді су жеткіліксіз болған кезде қандағы натрий деңгейі жоғарылауы мүмкін, бұл жағдайды нашарлатады. Суды жеткілікті мөлшерде ішу денеге артық тұзды жеңуге көмектесіп, бүйректің жұмысын жақсартады. Алдын алудың маңызды шараларының бірі – халықтың тұзды артық тұтынудың зияны туралы хабардарлығын арттыру. Адамдарға дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты туралы білім беру ас үлесіндегі тұзды шектеу және пайдалы тағамдарды таңдау сияқты пайдалы әдеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Азық-түлік өндірушілері өз өнімдерінің құрамындағы тұз үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы керек.

Соңғы жылдары көптеген компаниялар өз өнімдеріндегі тұз мөлшерін азайтып, сонымен қатар өнім сыртында натрий туралы ақпаратты көрсете бастады. Бұл тұтынушыларға сатып алу кезінде саналы таңдау жасауға мүмкіндік береді. Денсаулықты бақылау, оның ішінде қан қысымын үнемі өлшеу мен бүйрек қызметін тексеру болуы мүмкін проблемаларды ерте анықтауға көмектеседі. Гипертония немесе бүйрек ауруы сияқты аурулардың қауіп жоғары адамдар ас үлесі мен денсаулық жағдайын мұқият бақылап отыруы керек. Тұз – бұл тамақтанудың маңызды элементі ғана емес, сонымен қатар оны тұтыну нормадан тыс болса, денсаулыққа қауіп төндіреді. Тұзды шамадан тыс тұтыну гипертония, жүрек-қан тамырлары аурулары, бүйрек аурулары және тіпті семіздік сияқты ауруларға әкелуі мүмкін. Дегенмен, тұзды тұтынуды бақылау және тұздың орнына дәмдеуіштерді қолдану, ішу режимі, тағамдардағы натрий туралы хабардар болу және тұрақты медициналық тексерулер сияқты бірқатар алдын алу шараларын сақтау тәуекелдерді азайтуға және денсаулықты сақтауға көмектеседі.

Алматы қ. ҚДСБ–ның тапсырысы бойынша

Алматы қалалық Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ӘДІЛЕТ ПЕН ПАРАСАТ ЖОЛЫ

Қазақстан Жазушылар кітапханасында «Конституция – әділет пен парасат жолы» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Іс-шараға ақын-жазушылар, заңгерлер, қоғам қайраткерлері мен Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институтының курсанттары қатысты. Аталған іс-шара Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 жылдығына орай өткізілді.

«Дөңгелек үстел» барысында Ата Заңның мемлекет ісіндегі басты орны, халықтың емін-еркін ғұмыр кешуіне негізделген бағыты, ұлт пен ұлыс, жалпы халықтың бейбіт ғұмыр кешуіндегі айқындайтын нормалары сөз болды. Сондай-ақ, Ата Заңның мән-мағынасы туралы баяндамалар жасалып, шағын әскери көрсетілім ұйымдастырылды.

– Елімізде қасиетті деп ардақ тұтатын бірнеше құндылық бар. Соның ең бастысы – Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ата Заңда адам бостандығы, құқықтары нақты көрсетілген. Біз 30 жыл бойы осы Конституциямен өмір сүріп келеміз. Соның ішінде азаматтарға, мемлекет бүгіні мен ертеңгі тағдырына қатысты құнды-құнды заңдар қамтылған. Оның мәнін жас ұрпаққа да ұғындырып отыруымыз керек. Сондай-ақ, Ту, Елтаңба, Әнұран нақты аталып көрсетілген. Мемлекеттік нышандарды қасиет тұту – бүгінгі ұрпаққа аманатталған, – деді Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әділғазы Қайырбеков.

Сонымен қатар, Қазақстан Қарулы күштерінің ардагері, полковник Әбдібеков Мұхамеджан Отан қорғау, патриоттық рухты көтеру, жас ұрпақтың намысты, білімді, қайратты болуы сияқты бірқатар игі ой-пікірімен бөлісті.

– Халықаралық стандарт бойынша Конституция болып бекітілген, бірақ біз өз тілімізде Ата Заң деп атаймыз. Әрине, Қазақ елінің Ата Заңы – әділеттілік пен парасаттылыққа негізделген. Бұл – кемел болашақ кепілі. Сонымен бірге, Қарулы күштеріміз бұл мерекеге үлкен табыс пен жетістіктермен келіп отыр. Өйткені, заң бар жерде бостандық пен адалдық орнайды. Бізде әр адамның, қоғамның жағдайы қарастырылған. Әділ қоғам – ел келешегін жарқын етеді, – деді ол.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі-нің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗТ17VPY00085956
куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылады. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

29 ТАМЫЗ – СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ ПОЛИГОНЫ ЖАБЫЛҒАН КҮН

Қазақ халқының қасіретіне айналған, талай жүректе жарасы қалған Семей полигонының жабылғанына бүгін тура 34 жыл толып отыр. Осыншама жылдар жылжып, уақыт өтсе де, оның адам жанына салған жарасы, денсаулыққа тигізген зияны әлі де жазылар емес. Ұлықбек ақынның қасиетті Абай жерін аждаһаның апанына айналдырған тажалдың халқымыздың өміріне төндірген қауіп-қатері туралы жазылған «Заманайы» мен Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесі» жан азабы мен тән азабына қойылған ескерткіш іспетті. Сол жылдары ядролық жарылысты тоқтату үшін, атқа қонған ел азаматтарының қатарында болып, белсенділердің бірі болған Амантай қажы Асылбек өзі куә болған сол бір күндерді есіне алып, «біз тарихты ұмытпауымыз керек» дейді.

Амантай қажы АСЫЛБЕК:

«БІЗ ТАРИХТЫ ҰМЫТПАУЫМЫЗ КЕРЕК!»

1991 жылдың 18 тамызында Амантай Асылбектің басшылығымен құрылған «Аттан-Қазақстан» бейбіт штабы «Менің Қазақстаным» әнін әуелетіп, қасіреттен көз ашпаған Семей жерін бетке алады. Міне, «Неге біздер у ішеміз суаттан...» деп Ұлықбек ақын жырлаған Семей жері.

Бұл топырақ үшін де, оның халқы үшін де полигонның қасіреті аз болмады. Әлі күнге дейін сол дерттен айықпаған жандардың бар екеніне өмірдің өзі де куә. Денсаулығына, тіпті, тағдырына осы полигонның тигізген зияны мен зардабынан әлі күнге жан азабын тартып келе жақан адам қаншама?

Осынау тажалдың ұлттың ұрпағына тікелей әсерінің бары ұлтжанды азаматтарды да бей-жай қалдырмады. Міне, қазақ тарихында қасіретімен есте қалған полигонды жабу жолындағы ұлт азаматтарының ерен еңбегі мен төккен тері тарих бетінде мәңгіге қалды. Әлі де ұлтына қызмет етіп, аттан түспей келе жатқан азамат Амантай қажы

Асылбек сол күндерді былайша еске алады:

– Иә, тарихты ұмытуға болмайды. Сол жолда елі үшін жолға шығып, сапарлас болған азаматтардың есімдерін еске алып отыруымыз керек. Менің де сол бір күн санамда жаңғырып қалды. Шіркін-ай, халқыңның қуанғанынан артық не бар десеңші! Сол күнді Семейден шығатын «Халық дауысы» газеті алғаш рет полигонның жабылғаны жөнінде сүйіншілеп халқына жеткізді. Басылымның бірінші бетінде «Сүйінші, Семейдегі ядролық жарылыс мәңгіге тоқтатылды!» деген ақжолтай ақпарат жарқ ете қалды. Іле-шала еліміздегі бүкіл бұқаралық ақпарат құралы бұл оқиғаны «1991 жылдың 29 тамызы аждаһаның ақырғы күні» деген мазмұнмен ел аумағына таратты. Осылайша біздің жеңісімізді бүкіл елге қуана жариялап жатты. Көп ұзамай, штаб мүшелері киелі Түркістанға аттанып, сол жерде 7 күн бойы халыққа ас берген едік. Міне, осы күнді біз ғана емес,

КИНОКЕҢІСТІК

«ЖҰПАР ЖҮРЕК»

адамдықты, адамгершілікті дәріптейтін фильм



Мегаполистегі «Арман» кино-театрында «Жұпар жүрек» көркем фильмінің тұсау-кесері өтіп, еліміздің барлық кино-театрының үлкен экранына жол тартты.

Нұржамал ӘЛІШ

«Жұпар жүрек» – түрмеде отырып шыққан, ішкілікке жақын, қатыгез әрі абьюзер Саматтың (рөлде Ержан Нұрымбет) жүрек трансплантациясынан кейінгі өзгерістерін бейнелейтін психологиялық драма.

Жүрегінде ақауы бар оған жол апатынан көз жұмған жас жігіттің жүрегі салынады. Донор болған мұғалім жігіттің ата-анасы марқұм ұлының тым болмаса жүрегінің дүрсілін естігісі келіп, Саматтың үйінің есігін қағады. Ал Самат болса, ол қызметін ақшаға сатады. Баласын сарғая сағынып жүрген әке-шеше, әрине, бұл талапқа көнеді. Арада біраз уақыт өткенде Самат

өзіндегі елеулі өзгерістерді байқай бастайды. Ал оған донор болған жігіт өте мейірімді, құстарға үйшік жасауды жаны сүйген, ізгілікті мұрат еткен бас-тауыш сынып мұғалімі болатын...

– Фильм идеясы кеудесіне донордың жүрегі салынған адамның және оған өмір сыйлаған марқұмның туыстарының суретін көргенде туындады. Мен алдымнан шыға келген сол суретке біраз тесіліп қарап қалдым. Сол көріністің көркем фильмге сұранып тұрғанын ұқтым. Бұл – кинозалда полкорн жеп отырып көре салатын фильм емес, үлкенді де, кішіні де ой-ландыратын, адам болып өмір сүруге, жүректі сақтауға үндейтін, адамгершілікті дәріптейтін картина деп білемін. Мен бұл туындымда көп сөзге



біздің келер ұрпағымыз да ұмытпауы керек. Бүгінде мен дұғама қосып, енді елім полигонның қасіретін көрмесе екен деймін.

Әрине, полигонды бір өзім жаптым деп отырған жоқпын. Осы жолда елі мен жеріне жаны ашыған, нағыз адал рухты азаматтар болды. Олардың бойындағы өршіл рух, отансүйгіштік, намысшылдық қасиеттеріне мен әркез тәнті болып отырамын, – дейді Амантай қажы.

Ұрпағым азып, жерім тозбаса екен деген Амантай қажының адал ниеті қарап отыруға да мүмкіндік бермейді. «Осы жасыма дейін ұлтым үшін қызмет етіп келемін. Алла өмір берсе, әлі де жалғастыра беремін. Кезінде дүние жүзінің бейбіт өмірді сүйетін миллиондаған тұрғыны «Аттан – Қазақстан» шеруіне қатысты. Әлем түгел назарын бұрып, біздің мемлекетті таныды. Өз басым сол кезде Қазақстанның байрағын 28 мемлекетте көтеріп жүрдім, – дейді Амантай қажы Асылбек.

Жазып алған Рая ЕСКЕНДІР.

емес, сахналық іс-әрекеттерге көбірек мән бердім, – дейді «Жұпар жүрек» көркем фильмінің режиссері Максим Қодаров.

Кинокартина трансплантологияны ғана емес, адамның ішкі күресі, отбасындағы дағдарыс, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалар арасындағы буллинг мәселелерін де қозғайды.

Саматтың жары Фатима (рөлде Айнұр Бермұхамбетова) – еңбегіне адал қарапайым медбике. Күйеуінің барлық қатыгездігіне, сүйегінен өтер балағат сөздеріне, етіне батқан таяғына шыдап келе жатқан, ұлының бүтін отбасында өскенін қалайтын әйел. Ал кішкентай Мәди – бала болып жарқырап күлмейтін, әке мейірімін көрмеген, ылғи қатарластарының мазағына ұшырап жүретін, сурет салса да тек қара түсті бояуларға жақын балдырған.

Міне, кинокартина осындай шиеленісті сахналарға толы.

– Бұл – Максимнің тырнақалды дебюттік жұмысы. Түсірілім жұмыстары басталғанда оның айтқан сөздері әлі есімде. «Менің қағаздағы кейіпкерлерім тіріліп келе жатыр. Оларға сіздер жан бітіріп жатырсыздар» деп балаша қуанғаны бар. Әрине, барымызды салдық. Оның үстіне түсірілім алаңынан мықты оператор Қазбек Әміржановты көргенде, қобалжу да азайып, жанып сала бердік. Бұл – әлеуметтік-психологиялық драма. Жүрек донорлығынан басталған оқиға талай жүрекке ой салады деп сенемін. Ендігі бағасын өздеріңіз бересіздер, қымбатты көрермендер! – дейді отандық белгілі актер Бақытжан Әлпейісов.

Фильмді «Алижанфильм» студиясы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен түсірген. Атқарушы продюсер – Арман Боранбаев, режиссері және сценарисі – Максим Кодаров, қоюшы-оператор – Қазбек Әміржанов, бастама продюсері – Саин Ғабдулин.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

КОНСТИТУЦИЯ МЕРЕКЕСІ

Алматыда қалай аталып өтеді?

Еліміздің басты құжаты – Конституция Алматы қаласында қабылданғаны белгілі. Сондықтан осынау ұлық мерекенің Алматы жұртшылығы үшін орны ерекше. Шаһар жұртшылығы 30 тамызда Абай алаңында Қазақстан Конституциясының 30 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға қатысады. Мерекелік шараның ресми бөлімі сол күні сағат 18.00-де басталып, Мемлекеттік Ту әкелінеді. Әнұран орындалады.

Қала тұрғындары үшін 200-ден астам артист қатысатын театрландырылған қойылым ұсынылып, онда еңбек адамдарының бейнесі, әскери қызметкерлер мен мемлекеттік Туды алып шығатын топтар өнерін ұсынады. Сахналық қойылымды опера және эстрада әншілері сүйемелдеп, Мемлекеттік хор капелласымен бірге орындайды.

Бұл күні Роза Рымбаева, Тамара Асар, Жанар Айжанова, Айгүл Қосанова, IL Canto квартеті, «МузАрт Life» тобы, Әли Оқапов, Temirlan & Yernat, Зарина Алтынбаева, Рүстем Нұржігіт, Ақбота-Нұр Сейтмағамбет, Ерناзар Жұбан, «Сазген сазы» этноансамблі және AL Jazz Symphony эстрадалық-симфониялық оркестрі өз көрерменімен қауышады.

Сонымен қатар, ашық аспан астындағы мереке спектакльмен жалғасып, сағат 19.00-де Республика сарайының алдында аңызға айналған Асанәлі Әшімов негізін қалаған «Жаңа ғасыр» театры «Алматы – махаббатым» атты музыкалық қойылымды сахналайды.

Мерекелік шара жалғасын тауып, 20.00-де осынау алаң төрінде өтетін «Алматы әуендері» концертіне Саят Нұрғазин, Абик Жексен, Kyle Ruh, Інжу Ануарбек, Димаш Дәулетов, Бейбітгүл Нұрымқожина, «Арқайым» дуэті, Елдар Омаров, Тахмина Ашимбекова, Дәурен Байбөрі, Дәлел Уәшев және ASU фольклорлық-этнографиялық ансамблі қатысып, өнер көрсетеді.

Open-air концерттің хедлайнерлері – Yenlik пен Қайрат Нұртас. Мерекелік бағдарлама сағат 22.00-де аяқталатын болады.

27-28 тамыздан бері Конституция күніне орай күн сайын қала аудандарында түрлі концерттер, конференциялар және мәдени бағдарламалар ұйымдастырылуда. Жетісу, Алмалы, Бостандық аудандарында салтанатты шаралар өтті.

Ал, бүгін Алатау ауданындағы Атлетикалық ауылда («Нұркент-5»), Әуезов ауданындағы «Нархоз» университетінің акт залында, Наурызбай ауданы әкімдігі ғимараты жанындағы амфитеатрда («Шұғыла» ықшамауданы), Медеу ауданындағы Оқушылар сарайында, Түрксіб ауданындағы №6 Оқушылар үйінде концерттік-мерекелік қойылымдар өтсе, «Достық үйінде» мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес өкілдері, тарихшылар мен сарапшылардың қатысуымен ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылмақ.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

Газетіміздің келесі саны 5 қыркүйек, жұма күні шығады.